Қысқамерзімді жоспарлар

1-сабақ. Денсаулығымызды сақтаймыз

Бөлімі	**I бөлім. Компьютерлер мен программалар (ортақ тақырып: «Өзім туралы»)**
Педагогтің аты-жөні	**Шайлавов З.Х**
Күні	2A, 06.05.2025 2B, 15.05.2025 2C, 06.05.2025
Сыныбы	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	**Денсаулығымызды сақтаймыз**
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	2.1.3.1 цифрлық құрылғылар мен интернет желілерімен жұмыс істеу кезінде негізгі қауіпсіздік ережелеріне сүйену;
Сабақтың мақсаты	***Барлық оқушы үшін:*** Өзінің, отбасының бақытты сәттерін суретке түсіру үшін пайдаланатын құрылғыларын атайды. ***Оқушылардың көбі үшін:*** Құрылғыларды дұрыс пайдаланбаудың қандай қаупі бар екендігі туралы өз ойларын ортаға салады. ***Кейбір оқушылар үшін:*** Цифрлық құрылғылар мен интернет желілерімен жұмыс істеу кезінде негізгі қауіпсіздік ережелерін ескереді.

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
(Ұ) Ұйымдастыру кезеңі (1-7 мин.)	**I. Қызығушылықты ояту.** Сыныпты қалыпқа келтіру. **(МК, Ұ).** Топтастыру. Оқушылар сурет таңдау арқылы 3 топқа бірігеді. Топтың суреттері: ноутбук, планшет, ұялы телефон. **Ой сергіту.** **«Ана тілің – арың бұл»** әнін хормен айту. **(МК, Ұ). «Мидың суреті» әдісі.** Әр балаға мидың суреті таратылады. Мидың ішіне сабақтың өн бойында үйренгендерін, жасағандарын жазып отырады.			
(МК, Ұ) Ой қозғау. «Миға шабуыл» әдісі	**«Жедел сұрақтар жаңбыры» әдісі** Мұғалім оқушыларға жылдам сұрақтар қояды. Қажет болған жағдайда интерактивті тақтадан суреттер көрсетіледі.	✔ Өзіңнің, отбасыңның бақытты сәттерін суретке түсіру үшін қандай құрылғы пайдаланасың? ✔ (1-сурет) ✔ Компьютерге ұқсайтын басқа қандай құрылғыларды білесің? (2-сурет) ✔ Құрылғыларды дұрыс пайдаланбаудан қандай қауіп бар? (3-сурет)	Мұғалім белсенділік танытқан оқушыларды **«Мадақтау сөз» әдісі** бойынша бағалайды. **Жарайсың! Жақсы! Талпын!**	**Саралау.** Оқушыларға тапсырманы орындау барысында жан-жақты әрі нақты көмек қажет болады. Жетекші сұрақтар қою арқылы диалог және қолдау көрсетумен сараланады.
Жаңа сабаққа дайындық	**II. Жаңа сабаққа кіріспе.** **(МК. Ұ) «Бір ғана секунд» әдісі.** Интерактивті тақтадан *ноутбук, планшет, ұялы телефонның* суреттері көрсетіледі. Мұғалім оқулықтан «Жаңа білім» бөліміндегі мәтіннің әр жерінен оқиды, ал оқушылар мәтінге мұқият зер салып, шапшаңдықпен жалғастырады. Осылай жаңа сабақтың ақпаратымен танысады.			

Сабақты ң ортасы (31 мин.)		**(МК. Д). «Түртіп алу» әдісі.** Оқушылар мәтінді оқу барысында		Интерактивті тақта

		кездескен жаңа сөздерді жұмыс дәптерлеріне жазып алады.		
	(МК. Д) **1-тапсырма.** Жоғарыда айтылған құрылғылардан басқа тағы қандай цифрлық құрылғыларды білесің? Оларды сипаттап бер. **Саралау.** Оқушыларға тапсырманы орындау барысында жан-жақты әрі нақты көмек қажет болады. Жетекші сұрақтар қою арқылы диалог және қолдау көрсетумен сараланады.	**Дескриптор** – Өздеріне белгілі күнделікті өмірде көріп, естіп жүрген құрылғыларды атайды. – Атаған құрылғыларын сипаттайды.	Мұғалім белсенділік танытқан оқушыларды **«Мадақтау сөз» әдісі** бойынша бағалайды. **Жарайсың!** **Жақсы!** **Талпын!**	Интерактивті тақта
	(Т) 2-тапсырма. **«Пікір картасы» әдісі.** Цифрлық құрылғыларды пайдаланудың ортақ ережесін құрастырыңдар. Олардың пайдасы мен зияны жайлы әңгімелеңдер.	**Дескриптор** – Топта тапсырмамен танысып, өзара талқылайды. – Цифрлық құрылғыларды пайдаланудың ортақ ережесін құрастырады. – Олардың пайдасы мен зияны жайлы айтады.	Мұғалім белсенділік танытқан оқушыларды **«Мадақтау сөз» әдісі** бойынша бағалайды. **Жарайсың!** **Жақсы!** **Талпын!**	Интерактивті тақта
	(Ж) 3-тапсырма. **«Ойлан, жұптас, бөліс» әдісі** Балалардың іс-әрекетін талдап, баға беріңдер (4-сурет).	**Дескриптор** – Жұп тасып 4-суреттегі балалардың іс-әрекетін талқылайды. – Суреттегі балалардың іс-әрекетіне баға береді.	Мұғалім белсенділік танытқан оқушыларды **«Мадақтау сөз» әдісі** бойынша бағалайды. **Жарайсың!** **Жақсы!** **Талпын!**	Интерактивті тақта
Мақсаты: Оқушылар ойына келген жауаптар немесе идеяларды барынша көп жазу арқылы кейін өз идеяларын ортаға салады. **Тиімділігі:** Оқушылардың есте сақтау қабілеті (мұқият тыңдалым) жақсарады. Өз ойын ашық айта алады. Оқушылардың оқылым, айтылым, тындалым, жазылым дағдылары қалыптасады. **Саралау:** Тапсырма барлық оқушыға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі. Қабілеті төмен оқушы мен қабілеті жоғары оқушылар жұптасады. Оқушылар бір-бірімен ой бөліседі, идеяларын ортаға салады.				

Сабақтың соңы (7 мин.) ***Сабақты бекіту. Рефлексия***	**Ой толғаныс. Рефлексия. (Ж) «Еркін микрофон» әдісі** арқылы бүгінгі сабақтан алған әсерін, нені оқып зерделегенін, нені үйренгенін айтады.	– Бүгінгі тақырып не туралы болды? – Бүгінгі тақырыпта не ұнамады? – Бүгінгі тақырып несімен ұнады? – Мені қызықтырғаны ... – Сабақта қандай сезімде болдың? – Тақырыпқа не қосар едің? – Тақырыптан қандай үлгі алдың?	**ҚБ:** Бағалау үшін **«Мидың суреті» әдісі** бойынша сабақтың басында мұғалім таратқан қағазда кімде қанша түсінік жазылғанына қарайды. Ең көп түсініктемелер жазған оқушылар сабақтағы белсенді оқушылар қатарына қосылады.	Жұмыс дәптері

		– Менің қолымнан келеді ...		
Саралау. Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз қабілетті оқушылардың алдына қандай тапсырмалар қоясыз?		Бағалау. Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?	Денсаулығын және қауіпсіздік ережелерін сақтау.	
«Диалог және қолдау көрсету», «Тапсырма», «Жіктеу». Саралау тапсырмаларды іріктеуді, белгілі бір оқушыдан күтілетін нәтижені, оқушыға жеке қолдау көрсетуде, оқу материалы мен ресурстарды оқушылардың жеке қабілеттерін ескере отырып әзірлеуді қамтиды.		**«Мадақтау сөзі» әдісі**	Денсаулықты сақтау технологиялары. Сабақта сергіту жаттығулары мен белсенді жұмыс түрлерін қолданамын. Осы сабақта қолданылатын қауіпсіздік ережелерінің тармақтары орындалады.	
Жалпы бағалау Сабақтың қай екі аспектісі жақсы өтті? Оқыту туралы, сабақ беру туралы не айтасыз? 1: 2: Сабақты жақсартуға не жәрдемдесер еді? Оқыту туралы, сабақ беру туралы не айтасыз? 1: 2: Мен сабақ кезінде сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері, қиыншылықтары туралы нені анықтадым? Келесі сабақтарда неге назар аударуым қажет? 1: 2:				

2- сабақ. Ақпарат іздеу

Бөлімі	**I бөлім. Компьютерлер мен программалар (ортақ тақырып: «Өзім туралы»)**
Педагогтің аты-жөні	
Күні	
Сыныбы	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	**Ақпарат іздеу**
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	2.3.1.1 берілген тақырып бойынша ақпарат іздеу үшін браузерді қолдану;
Сабақтың мақсаты	***Барлық оқушы үшін:*** Балаларға арналған қандай сайттардың бар екендігін атайды. ***Оқушылардың көбі үшін:*** Өзі жайлы қандай ақпаратты интернетте жариялауға болмайтынын айтады. ***Кейбір оқушылар үшін:*** Берілген тақырып бойынша ақпарат іздеу үшін, браузерді қолданады.

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
(Ұ) Ұйымдастыру кезеңі (1-7 мин.)	**I. Қызығушылықты ояту.** Амандасу, оқушылардың назарларын сабаққа аудару. **«Шаттық шеңбері»** әдісімен бір-біріне жақсы тілектер айту арқылы сыныпта жағымды көңіл күй орнату.			

Топтастыру	**Топтың ережесі.** 1. Тыны штық сақтау. 2. Топ басшысына бағыну.	Шеңбер жасап тұрған оқушылар «1, 2, 3» деп санау арқылы 3 топқа бірігеді. **1-топ. «Ақпарат» тобы.**	«**Мадақтау сөз» әдісі** бойынша оқушыларды ынталандыру.	

	3. Белсенді болу. 4. Бір-бірін тыңдау, өз пікірімен ашық бөлісу, басқалардың пікіріне құрметпен қарау. 5. Уақыт шегінде жұмыс істеу.	**2- топ. «Интернет» тобы.** **3-топ. «Браузер» тобы.**		
(МК, Ұ) Ой қозғау. «Миға шабуыл» әдісі	**(МК, Ұ). Ой қозғау. «Миға шабуыл» әдісі.** Оқушылар интерактивті тақтадан көрсетілетін суреттерге қарап, мұғалімнің қойған сұрақтарына жауап береді. **Мақсаты:** Жаңа сабақтың кіріспесімен, сабақтың тақырыбымен, мақсатымен және оның критерийлерімен таныстыру.	✔ Компьютерлерді өзара байланыстыру не үшін қажет? (1-сурет) ✔ 2-суретке назар аудар. Балалар не істеп жатыр?	Мұғалім оқушыларды сабаққа қатысу белсенділігіне қарай **«Смайликтер» әдісі** арқылы бағалайды. **Жарайсың!** **Жақсы!** **Талпын!**	Интерактивті тақта. Оқулық
Сабақтың ортасы (31 мин.)	**II. Мағынаны ашу (**білімді өзектендіру үшін). **(Т) Оқулықпен, мәтінмен жұмыс. «ДЖИГСО» әдісі.** Берілген тақырыпты оқып шығып, топ ішінде талқылап, топтық жұмыс орындайды. Басқа топтарға өкілдерді жіберіп, өз жұмыстарын таныстырады, топтық талқылау жүргізеді.	**1-топ. «Ақпарат» тобы.** **2- топ. «Интернет» тобы.** **3-топ. «Браузер» тобы.**		Интерактивті тақта

	«Кинометафора» әдісі бойынша Bilimland.kz. сайтынан «**Ақпаратты іздеу»** тақырыбында бейнесюжеттен үзінді көрсету арқылы оқушылардың ой-	– Оқулықтағы мәтінді оқиды. – Топ ішінде талқылау жүргізеді. – Топтар арасындағы пікір алмасу жұмысына жауапкершілікпен қатысады.	Мұғалім оқушыларды сабаққа қатысу белсенділігіне қарай **«Смайликтер» әдісі** арқылы бағалайды. **Жарайсың! Жақсы!**	Интерактивті тақта

	пікірлерін жинақтау.		**Талпын!**	
	(Ж) 4-суретте берілген құралдарды атаңдар. Бұл құралдардың қайсысының көмегімен интернеттен ақпарат іздеуге болады?	**Дескриптор** – Суретте берілген құралдардың атауын атайды. – Қай құралдың көмегімен интернеттен ақпарат іздеуге болатынын айтады.	Мұғалім оқушыларды сабаққа қатысу белсенділігіне қарай **«Смайликтер» әдісі** арқылы бағалайды. **Жарайсың!** **Жақсы!** **Талпын!**	Интерактивті тақта
	(Ж) Балаларға арналған қандай сайттарды білесіңдер? Мысалы, http://kitap.kz/ Білетін сайттарыңның тізімін жасаңдар.	– Берілген тапсырма бойынша өзара талқылау жүргізеді, ақылдасады. – Балаларға арналған сайттардың тізімін жасайды.	Мұғалім оқушыларды сабаққа қатысу белсенділігіне қарай **«Смайликтер» әдісі** арқылы бағалайды. **Жарайсың!** **Жақсы!** **Талпын!**	Интерактивті тақта
		(Ө) Өзің туралы қандай ақпаратты интернетте жариялауға болмайды?	Мұғалім оқушыларды сабаққа қатысу белсенділігіне қарай **«Смайликтер» әдісі** арқылы бағалайды. **Жарайсың!** **Жақсы!** **Талпын!**	
Сабақтың соңы (7 мин.) ***Сабақты бекіту. Рефлексия***	**(Ж) «Бір минуттық әңгіме» әдісі.** Оқушылар қарама-қарсы сызық бойымен қатарға тұрып, жұптық әңгіме жүргізеді. «Алған біліміңді күнделікті өмірде қалай қолданасың?» тақырыбында бір-бірімен әңгімелесу арқылы ой қорытады, жаңа сабақты бекіту мақсатында пікір алмасып, өз ойларын ортаға салады. ***Қай сайттағы ақпарат саған пайдалы деп ойлайсың?***		Мұғалім оқушыларды сабаққа қатысу белсенділігіне қарай **«Смайликтер» әдісі** арқылы бағалайды. **Жарайсың!** **Жақсы!** **Талпын!**	Оқулық
Саралау. Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз қабілетті оқушылардың алдына қандай тапсырмалар қоясыз?		Бағалау. Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?	Денсаулықты және қауіпсіздік ережелерін сақтау.	

«Диалог және қолдау көрсету», «Тапсырма», «Жіктеу». Саралау тапсырмаларды іріктеуді, белгілі бір оқушыдан күтілетін нәтижені, оқушыға жеке қолдау көрсетуде, оқу материалы мен ресурстарды оқушылардың жеке қабілеттерін ескере отырып әзірлеуді қамтиды.	**«Смайликтер» әдісі.**	Денсаулықты сақтау технологиялары. Сабақта сергіту жаттығулары мен белсенді жұмыс түрлерін қолданамын. Осы сабақта қолданылатын қауіпсіздік ережелерінің тармақтары орындалады.

Жалпы бағалау

Сабақтың қай аспектісі жақсы өтті? Оқыту және сабақ беру туралы не айтасыз? 1:
2:
Сабақты жақсартуға не жәрдемдесер еді? Оқыту және сабақ беру туралы не айтасыз? 1:
2:
Мен сабақ кезінде сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері, қиыншылықтары туралы нені анықтадым? Келесі сабақтарда неге назар аударуым қажет?
1:
2:

3-сабақ. Компьютердің енгізу-шығару құрылғылары

Бөлімі	**I бөлім. Компьютерлер мен программалар (ортақ тақырып: «Өзім туралы»)**
Педагогтің аты-жөні	
Күні	
Сыныбы	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	**Компьютердің енгізу-шығару құрылғылары**
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	2.1.1.1 енгізу-шығару құрылғыларын ажырата білу;
Сабақтың мақсаты	***Барлық оқушы үшін:*** Компьютерді өзі және отбасы мүшелерінің қалай пайдаланатынын әңгімелейді. ***Оқушылардың көбі үшін:*** Компьютердің негізгі құрылғыларының атауын біледі. ***Кейбір оқушылар үшін:*** Енгізу-шығару құрылғыларын ажыратады.

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
(Ұ) Ұйымдастыру кезеңі (1-7 мин.)	**Сәлемдесу, оқушыларды түгендеу.** **I. Қызығушылықты ояту: «Алма, шие, өрік, банан» әдісі.** Оқушылар орындықтарды шеңбер бойы орналастырып, жайғасады. Мұғалім оқушыларды отырған ретімен жемістер атауымен «алма», «шие», «өрік», «банан» деп санап шығады. Осыдан кейін мұғалім бір не бірнеше жемістің атын атайды (мысалы, «шие» не «алма», «өрік» немесе «алма», «шие», «өрік», «банан»), сол кезде өзіне атауы берілген оқушылар орындарын алмастыру қажет. Ал мұғалім бір бос орынға отырады. Орын жетпей қалған оқушы жүргізуші болып, жемістердің атын атайды (ойын бірнеше оқушымен осы әдіс бойынша жалғасады).			
Топтастыру	Оқушылар шеңбер бойымен тұрған сәтінде алма, өрік, банан жемістерін кезекпен атау арқылы үш топқа бірігеді. **1- топ. «Алма» тобы.** **2- топ. «Өрік» тобы.** **3- топ. «Банан» тобы.**			
(МК, Ұ) Ой қозғау. «Миға шабуыл» әдісі	**Ой қозғау. «Миға шабуыл» әдісі.** ✔ Компьютерді отбасы мүшелері қалай пайдаланады? ✔ Компьютермен бірге қандай жаңа мамандықтар пайда болды? (1-сурет) Компьютердің негізгі құрылғылары қалай аталады? (2-сурет) Қызметін ата.		Мұғалім оқушыларды сабаққа қатысу белсенділігіне қарай **«Қошеметтеу» әдісі** арқылы бағалайды.	
	Жаңа сабаққа дайындық ретінде «Сұрақ-жауап» әдісін қолданып, талқылау жұмысын жүргізу. Қандай да болмасын бір ақпарат (мәлімет, проблема, сұрақ) туралы не білетіндерін жазбаша немесе ауызша айтады. Ұжымдық талқылауда оқушыға сұрақ қою, проблеманы зерттеу арқылы ой-өрісін дамытады, ойын еркін жеткізуге үйретеді. Пікірлерін еркін айтуы, ешқандай сынға ұшырамауы керек, қағазға түсіруге де, ауызша талқылау жұмысын жүргізуге де болады.			

	Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, өзара ұжымдық талқылау жасағаннан кейін, мұғалім интерактивті тақтадан ***сабақтың тақырыбымен, мақсатымен және бағалау критерийлерімен таныстырады.***			
Сабақтың ортасы (31 мин)	**II. Мағынаны ашу** (білімді өзектендіру үшін). **(Ұ)** Оқулықпен жұмыс істеу. **«Барлық оқушымен жүргізілетін жұмыс» әдісі.** Оқулықтағы «Жаңа білім» айдарында берілген мәтінді оқуға тапсырма беріледі. Бұл жұмыс түрі бүкіл сынып оқушыларының бір мезгілде жұмысқа жұмылдырылуын қамтамасыз етеді. Оқушылардың барлық сұрағына мұғалім жұмыстың алдында жауап беруі тиіс, бұл оқушыларды да, мұғалімді де алаңдатпайды. Оқушы жаңа сабақтың ақпаратымен танысады.		Мұғалім оқушыларды сабаққа қатысу белсенділігіне қарай **«Қошеметтеу» әдісі** арқылы бағалайды.	Интерактивті тақта
	(МК, Д) 6-суреттегі құрылғылардың қызметін білесің бе? Оларды енгізу мен шығару құрылғыларына жікте. Осы құрылғылардың қайсысын компьютерге өзің туралы дерек енгізуге пайдалануыңа болады?	**Дескриптор** – Берілген 6-суреттегі құрылғылармен танысады. – Оларды енгізу және шығару құрылғыларына қарай жіктейді. – Өзі туралы дерек енгізуге қажетті құрылғыны таңдайды.	Мұғалім оқушыларды сабаққа қатысу белсенділігіне қарай **«Қошеметтеу» әдісі** арқылы бағалайды.	Интерактивті тақта
	(Т) Компьютердің енгізу-шығару құрылғыларын адамның сезім мүшелеріне сәйкестендір.	**Дескриптор** –Топта берілген сурет бойынша адамның сезім мүшелері туралы талқылайды. – Компьютердің енгізу құрылғыларымен адамның сезім мүшелерін сәйкестендіреді. – Компьют ердің шығару құрылғыларымен адамның сезім мүшелерін сәйкестендіреді.	Топтағы оқушылар бір-бірін топтағы жұмыс істеу деңгейіне қарай **«Қошеметтеу» әдісі** арқылы бағалайды.	Интерактивті тақта
	(Ж) Төмендегі деректерді мектепке алып баруың керек. Ол үшін оқулықтағы 4, 5, 6-суреттегі компьютердің қай құрылғыларын қолданасың?	**Дескриптор** – Жұпт асып тапсырманы талқылайды. – Оқулықтағы 4, 5, 6- суреттегі құрылғыларды салыстырады. – Өзіне қажетті құрылғыларды таңдайды.	Жұптағы оқушылар бір-бірін топтағы жұмыс істеу деңгейіне қарай **«Қошеметтеу» әдісі** арқылы бағалайды.	Интерактивті тақта

Сабақтың соңы (7 мин.)	**III. Ой толғаныс. Рефлексия (Ж) «Еркін микрофон» әдісі**	– Бүгінгі тақырып не туралы болды? – Бүгінгі тақырыпта не ұнамады?	**Бүгінгі сабақтағы менің портретім.** Бүгінгі сабақтағы өз көңіл күйін суреттерді	Жұмыс дәптері

Сабақты бекіту. Рефлексия	арқылы бүгінгі сабақтан алған әсерін, нені оқып зерделегенін, нені үйренгенін айтады.	– Бүгінгі тақырып несімен ұнады? – Мені қызықтырғаны ... – Сабақта қандай сезімде болдың? – Тақырыпқа не қосар едің? – Тақырыптан қандай үлгі алдың? – Менің қолымнан келеді ...	таңдау арқылы көрсетіп, бүгінгі сабақты бағалайды.	
Саралау. Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз қабілетті оқушылардың алдына қандай тапсырмалар қоясыз?		Бағалау. Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?	Денсаулықты және қауіпсіздік ережелерін сақтау.	
«Диалог және қолдау көрсету», «Тапсырма», «Жіктеу». Саралау тапсырмаларды іріктеуді, белгілі бір оқушыдан күтілетін нәтижені, оқушыға жеке қолдау көрсетуде, оқу материалы мен ресурстарды оқушылардың жеке қабілеттерін ескере отырып әзірлеуді қамтиды.		**«Қошеметтеу» әдісі.**	Денсаулықты сақтау технологиялары. Сабақта сергіту жаттығулары мен белсенді жұмыс түрлерін қолданамын. Осы сабақта қолданылатын қауіпсіздік ережелерінің тармақтары орындалады.	
Жалпы бағалау Сабақтың қандай екі аспектісі жақсы өтті? Оқыту және сабақ беру туралы не айтасыз? 1: 2: Сабақты жақсартуға не жәрдемдесер еді? Оқыту және сабақ беру туралы не айтасыз? 1: 2: Мен сабақ кезінде сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері, қиыншылықтары туралы нені анықтадым? Келесі сабақтарда неге назар аударуым қажет? 1: 2:				

4-сабақ. Файлдар мен бумалар

Бөлімі	**I бөлім. Компьютерлер мен программалар (ортақ тақырып: «Өзім туралы»)**
Педагогтің аты-жөні	
Күні	
Сыныбы	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	**Файлдар мен бумалар**
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	2.1.2.1 файл мен бума туралы түсінік беру; 2.1.2.2 файлдар мен бумаларды жасау, көшіру, жылжыту және жою; 2.1.2.3 өз жұмысындағы контекстік мәзірді пайдалану;
Сабақтың мақсаты	***Барлық оқушы үшін:*** Файл мен бума туралы түсінеді. ***Оқушылардың көбі үшін:*** Файлдар мен бумаларды жасау, көшіру, жылжыту және жоюды біледі. ***Кейбір оқушылар үшін:*** Өз жұмысындағы контекстік мәзірді пайдаланады.

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар

(Ұ) Ұйымдастыру кезеңі (1-7 мин.)	**Сәлемдесу, оқушыларды түгендеу.** **І. Қызығушылықты ояту: «Боди-арт» әдісі.** Барлық қатысушылар парта бойынша үш қатарға бөлініп, бірінің артына бірі тұрады. Соңғы ойыншы алдыңғының арқасына өзі қалаған суретті салады, ол ойыншы ненің суретін сезінгенін өзінің алдындағы оқушының арқасына салады. Осылайша алдыңғы қатысушыға дейін сурет салу жалғасады. Соңғы және бірінші баланың суреттері салыстырылып, кімнің тұсынан ағаттық кеткені анықталады. Бұл сыныпта жағымды ахуал туғызады.			
Топтастыру	Оқушылар алдыңғы іс-әрекет аяқталысымен, сапты бұзбай үш топқа бірігеді: 1-***топ, 2- топ, 3- топ.***			
(МК, Ұ) Ой қозғау. «Миға шабуыл» әдісі	Мұғалім төмендегі сұрақтарды оқушыларға қойып, суреттерді интерактивті тақтадан көрсетеді. Оқушылар ұжымдық үлгіде білгендері бойынша өз ойларын айтып, жауап береді.	✔ Файл және бума туралы не білесің? ✔ 1, 2- суреттерді салыстырып не айтуға болады? ✔ Үйдегі компьютеріңде тек өзіңе қатысты жеке файл, бумаларың бар ма?	Мұғалім оқушыларды сабаққа қатысу белсенділігіне қарай **«Фигуралар» әдісі** арқылы бағалайды.	Интерактивті тақта. Оқулық
Жаңа сабаққа дайындық ретінде «Сұрақ-жауап» әдісін қолданып, талқылау жұмысын жүргізу. Қандай да болмасын бір ақпарат (мәлімет, проблема, сұрақ) туралы бар білгендерін жазбаша немесе ауызша ортаға салады. Ұжымдық талқылауда оқушыға сұрақ қою**,** проблеманы зерттеу арқылы ой-өрісін дамытады, ойын еркін жеткізеді. Пікірлерінің еркін айтылуына, ешқандай сынға ұшырамауына көңіл бөліңіз. Қағазға түсіруге де, ауызша талқылау жұмысын жүргізуге де болады. *Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, өзара ұжымдық талқылау жасағаннан кейін, мұғалім интерактивті тақтадан* ***сабақтың тақырыбымен, мақсатымен және бағалау критерийлерімен таныстырады.***				

Сабақтың ортасы (31 мин.)	**II. Мағынаны ашу** (білімді өзектендіру үшін) **(Ұ)** *Оқулықпен жұмыс.* **«Баяндама» әдісі.** Мұғалім оқушыларға мәтінді оқуып, соңынан оның мазмұнын сурет пен сызба түрінде беруін ұсынады. Бұл «шпаргалканы» оқушы оң жағындағы көршісіне береді. Енді әрқайсысы өз көршісінің суреттерін не сызбаларын қолдана отырып, осы мәтін бойынша «баяндама»	**Дескриптор** – Оқулықтағы мәтінді оқиды. – Сурет, сызба түрінде өз түсінігін ұсынады. – Бейнеге қарап баяндайды.	Мұғалім оқушыларды сабаққа қатысу белсенділігіне қарай **«Фигуралар» әдісі** арқылы бағалайды.	Интерактивті тақта

	жасайды. «Баяндама» мазмұнын неғұрлым кең ашып, оны қорғап, ең жақсы өрнекті ұсынған оқушы жеңімпаз болады.			
	(Т) 1) Файлдар мен бумаларды ажыратып жазыңдар. 2) Қате бума мен файл атауларын анықтаңдар.	**Дескриптор** – Файлдар мен бумаларды ажыратады. – Қате буманың атауын анықтайды. – Қате файлдың атауын анықтайды.	Мұғалім оқушыларды сабаққа қатысу белсенділігіне қарай **«Фигуралар» әдісі** арқылы бағалайды.	Интерактивті тақта
	(Ө) Мына файлдардың ішінде қандай ақпарат бар деп ойлайсың?	**Дескриптор** –Берілген файлдармен танысады. –Файлдардың ішінде қандай ақпарат бар екенін анықтайды.	Топтағы оқушылар бірін-бірі топтағы жұмыс істеу деңгейіне қарай **«Фигуралар» әдісі** арқылы бағалайды.	Интерактивті тақта
	(Ұ) Файл, бума мен жарлықтарды жікте.	**Дескриптор** – Файлдарды жіктейді. – Бумаларды жіктейді. – Жарлықтарды жіктейді.	Жұптағы оқушылар бірін-бірі топтағы жұмыс істеу деңгейіне қарай **«Фигуралар» әдісі** арқылы бағалайды.	

Сабақтың соңы (7 мин.) ***Сабақты бекіту. Рефлексия***	**III. Ой толғаныс. Рефлексия. (Ө) «Бес саусақ» әдісі.** Сабақты қорытындылау мақсатында оқушылар өздерінің жұмыс дәптерлеріне өз саусақтарын қойып, саусақтарын айналдыра сызып, суретін салады. Дайын бес саусақтың әр саусағына интерактивті тақтадан көрсетілетін әр саусақтың өз мағынасына қарай жауаптарын жазады. Жазып біткен соң, бес саусаққа жазылған	• Басбармақ – өзімді қалай сезіндім? • Балаң үйрек – басқаларға көмегім тиді ме? • Ортан терек – бүгінгі көңіл күйім қандай болды? • Шылдыр шүмек – бүгінгі сабақ ұнады ма? • Кішкентай бөбек – бүгін не үйрендім?	Мұғалім оқушыларды сабаққа қатысу белсенділігіне қарай қорытынды бағалауы **«Фигуралар» әдісі** арқылы жүргізіледі.	Жұмыс дәптерлері

	жауаптарын оқиды.			
Саралау. Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз қабілетті оқушылардың алдына қандай тапсырмалар қоясыз?		Бағалау. Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?	Денсаулықты және қауіпсіздік ережелерін сақтау.	
«Диалог және қолдау көрсету», «Тапсырма», «Жіктеу». Саралау тапсырмаларды іріктеуді, белгілі бір оқушыдан күтілетін нәтижені, оқушыға жеке қолдау көрсетуде, оқу материалы мен ресурстарды оқушылардың жеке қабілеттерін ескере отырып әзірлеуді қамтиды.		**«Фигуралар» әдісі.**	Денсаулықты сақтау технологиялары. Сабақта сергіту жаттығулары мен белсенді жұмыс түрлерін қолданамын. Осы сабақта қолданылатын қауіпсіздік ережелерінің тармақтары орындалады.	
Жалпы бағалау Сабақтың қай екі аспектісі жақсы өтті? Оқыту және сабақ беру туралы не айтасыз? 1: 2: Сабақты жақсартуға не жәрдемдесер еді? Оқыту және сабақ беру туралы не айтасыз? 1: 2: Мен сабақ кезінде сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері, қиыншылықтары туралы нені анықтадым? Келесі сабақтарда неге назар аударуым қажет? 1: 2:				

5-сабақ. Тармақталу алгоритмі

Бөлімі	**II бөлім. Шығармашылық және компьютер (ортақ тақырып: «Менің отбасым және достарым»)**
Педагогтің аты-жөні	
Күні	
Сыныбы	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	**Тармақталу алгоритмі**
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	2.4.1.1 тармақталған алгоритмді жүзеге асыру;
Сабақтың мақсаты	***Барлық оқушы үшін:*** Сызықтық алгоритм туралы әңгімелейді. ***Оқушылардың көбі үшін:*** Оқулықта берілген мысалдардың іс-әрекетін сызықтық алгоритммен сипаттайды. ***Кейбір оқушылар үшін:*** Тармақталған алгоритмді жүзеге асырады.

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар

(Ұ) Ұйымдастыру кезеңі (1-7 мин.)	**Сәлемдесу, оқушыларды түгендеу.** **І. Қызығушылықты ояту. «Бұлт үстіндегі саяхат» әдісі.** Шарты: көздеріңді жауып, ыңғайлы отырыңдар. Екі-үш рет терең демалыңдар. Мен сендерді бұлт үстімен саяхатқа шақырмақшымын. Томпақ жастықтардан құралған жұмсақ тауға ұқсаған аппақ мамық бұлт үстіне секіріңдер. Аяқтарың, арқаларың, барлық денең осы үлкен бұлт жастыққа ыңғайлы орналасқанын сезініңдер. Саяхат басталады. Бұлт жайлап, көк аспанға көтеріледі. Самал жел беттеріңнен сипайды. Биік аспанда мүлгіген тыныштық орнаған. Бұлт сендерді өздеріңді бақытты сезінетін жерге жеткізеді. Бұл жерде сендер өздеріңді байсалды сезінесіңдер. Осы жерде ғажайып және

	таңғаларлық оқиға болуы мүмкін... (30 сек). Енді сендер тағы да бұлт үстіндесіңдер. Ол сендерді қайтадан сынып ішіне әкеле жатыр. Бұлттан түсіп, оған рақмет айтыңдар... Бұлт ақырындап ауада сейіле бастайды. Қолдарыңды созып, көздеріңді ашыңдар, сендер сергек, ширақ, зейіндісіңдер. Бұл оқушылар арасында психологиялық жағымды ахуал орнатады.			
Топтастыру	Оқушылар үшке дейін санау арқылы үш топқа бірігеді. **1-топ. «Алғырлар» тобы** **2- топ. «Білімділер» тобы** **3- топ. «Дарабоздар» тобы**			
(МК, Ұ) Ой қозғау. «Миға шабуыл» әдісі	Мұғалім төмендегі сұрақтарды оқушыларға қойып, суреттерді интерактивті тақтадан көрсетеді. Оқушылар ұжымдық үлгіде білгендері бойынша өз ойларын айтып, жауап береді.	✔ «Сызықтық алгоритм» дегеніміз не? Есіңе түсір. ✔ Үш достың жолдан дұрыс өтуі неге байланысты? ✔ (1-сурет) Олардың іс-әрекетін сызықтық алгоритммен сипаттауға бола ма? ✔ Достардың бағдаршаммен жолдан өту алгоритмін сөзбен сипаттап бер.	Мұғалім оқушыларды сабаққа қатысу белсенділігіне қарай **«Бас бармақ» әдісі** бойынша бағалайды.	
Жаңа сабаққа дайындық	Жаңа сабаққа дайындық ретінде «Сұрақ-жауап» әдісін қолданып, оқушылармен диалог жүргізу. Қандай да болмасын бір ақпарат (мәлімет, проблема, сұрақ) туралы бар білгендерін жазбаша немесе ауызша айтады. Ұжымдық талқылауда оқушыға сұрақ қою, проблеманы зерттеу арқылы ой-өрісін дамытады, ойын еркін жеткізеді. Пікірлерін еркін айтуы, ешқандай сынға ұшырамауы керек, қағазға түсіруге де, ауызша талқылау жұмысын жүргізуге де болады. *Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, өзара ұжымдық талқылау жасағаннан кейін, мұғалім интерактивті тақтадан* ***сабақтың тақырыбын, мақсатын және бағалау критерийлерімен таныстырады.***			

Сабақтың ортасы (31 мин.)	**II. Мағынаны ашу** (білімді өзектендіру үшін). **(Ұ*) Оқулықпен жұмыс істеу. «Данышпан үкілер» әдісі.*** *1. Мәтінмен жұмыс істеудің негіздері.* Мәтіндегі негізгі (жаңа) ұғымдарды тауып, оларды қазақ әліпбиі ретімен жаз. Мәтіннен сен күтпеген, сенің бұрынғы ұғымдарыңа қарсы ақпаратты тап. Саған жаңалық болған ақпаратты жаз. *2. Маңызды өмірлік даналық.* Мәтіндегі негізгі ойды бір сөйлеммен білдір. *3. Таныс және таныс емес.*	**Дескриптор** – Оқулықтағы мәтінді оқиды. – «**Данышпан үкілер» әдісі** бойынша 6 бағытта жұмыс істейді.	Мұғалім оқушыларды сабаққа қатысу белсенділігіне қарай **«Бас бармақ» әдісі** бойынша бағалайды.	Интерактивті тақта

	Мәтіннен саған алдында таныс болған және мүлдем таныс емес ақпаратты тап. *4. Иллюстрац иялық бейнелеу.* Мәтіндегі негізгі ойды сурет, сызба, карикатура т.б. арқылы бейнелеп, көрсет. *5. Үлгі боларлық қорытынды.* Оқыған мәтіннен келешекте қажет болатын маңызды қорытынды шығаруға бола ма? *6. Талқылауға арналған маңызды тақырыптар.* Сыныпта талқылауға тұрарлықтай ерекше көңіл бөлуге болатын ойларды, пікірлерді табыңдар.			
	(Ж) 1- тапсырма. Екі дос «Сан жасыру» ойынын ойнауда. Ойынды бақылап тұрған үшінші дос олардың ойынын ауызша сипаттады. Осы сипаттау бойынша «Сан жасыру» ойынының блок-сызбасын құрыңдар.	**Дескриптор** – Жұп тасып тапсырмамен танысып, талқылайды. – Ойынның блок- сызбасын ойынның ауызша сипатын негізге алып құрады.	Мұғалім оқушыларды сабаққа қатысу белсенділігіне қарай **«Бас бармақ» әдісі** арқылы бағалайды.	Интерактивті тақта
	(Т) «Бірлескен жұмыс дағдысын қалыптастыру» әдісі Сыныптастарды бағалау оқушылардан бірлесе жұмыс істеуді талап етеді. Әрине, ОҮБ-ның өзі бірлескен жұмысты білдіреді, сондықтан бірлескен жұмыс дағдысын айқын және анық қалыптастыру қажет. Аталған үдерісті оқушылармен бірлескен жұмыс түсінігін талқылау арқылы бекітуге және тапсырманы бірлесе орындау арқылы жүзеге асыруға болады.	**2- тапсырма.** Суретке назар аударыңдар. «Далада жаңбыр жауып тұр. Әпкесі мен інісі даланы терезеден бақылап тұр. Жаңбыр сәлден соң тоқтайды» (3-сурет). **Дескриптор** –Топта тапсырмамен танысып, бірлесе талқылайды. – Сурет желісі бойынша сызықтық алгоритмнің блок-сызбасын құрастырады. – Сурет желісі бойынша талмақталған алгоритмнің блок-сызбасын құрастырады.	Топтағы оқушылар бірін-бірі топтағы жұмыс істеу деңгейіне қарай **«Басбармақ» әдісі** арқылы бағалайды.	Интерактивті тақта

	(Ө) «Венн диаграммасы» әдісі. Бір-бірімен айқасқан екі шеңбердің екі жағына салыстыруға берілетін	**3-тапсырма.** 1. Сызықтық және тармақталу алгоритмдерін салыстыр.	Жұптағы оқушылар бір-бірін топтағы жұмыс істеу деңгейіне қарай	Интерактивті тақта

	нысандардың сипаттамалары жазылады. Ал айқасқан жерге екеуіне ортақ сипаттар тізіледі. Салыстыруға арналған тапсырмаларды осы диаграммаға салып, оқушылар қызыға толтырады, яғни салыстыру сияқты күрделі ойлау операциясын меңгереді.	2. Суреттегі блок-сызбалардың ішін толтыр. **Дескриптор** - Сызықтық және тармақталған алгоритмдерін салыстырады. - Суреттегі блок-сызбалардың ішін толтырады.	**«Басбармақ» әдісі** бойынша бағалайды.	
Сабақтың соңы (7 мин.) ***Сабақты бекіту. Рефлексия***	**III. Ой толғаныс. Рефлексия** **(Ө) «Гүлдер» әдісі.** Оқушыларға қағаздан қиылған үш түсті гүл үлестіріледі. Содан кейін оқушылар сабақ барысында өздерінің түсінгендерін бір сөйлеммен қорытындылап айтады. Ары қарай олар сабақ қорытындысы бойынша жасыл түсті гүлді ең көп көмектескенге, сары гүлді ең сыпайы оқушыға, ал қызыл гүлді ең жақсы тыңдай білген балаға беруі керек. Ең үлкен гүл шоғы кімде болар екен? Өзіне қалдыруға да болады. Бұл жерде бірін-бірі және өзін-өзі бағалау жүреді.			
Саралау. Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз қабілеттірек оқушылардың алдына қандай тапсырмалар қоясыз?		Бағалау. Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?		Денсаулықты және қауіпсіздік ережелерін сақтау.
«Диалог және қолдау көрсету», «Тапсырма», «Жіктеу». Саралау тапсырмаларды іріктеуді, белгілі бір оқушыдан күтілетін нәтижені, оқушыға жеке қолдау көрсетуде, оқу материалы мен ресурстарды оқушылардың жеке қабілеттерін ескере отырып әзірлеуді қамтиды.		**«Басбармақ» әдісі.**		Денсаулықты сақтау технологиялары. Сабақта сергіту жаттығулары мен белсенді жұмыс түрлерін қолданамын. Осы сабақта қолданылатын қауіпсіздік ережелерінің тармақтары орындалады.
Жалпы бағалау Сабақтың қай екі аспектісі жақсы өтті? Оқыту және сабақ беру туралы не айтасыз? 1: 2: Сабақты жақсартуға не жәрдемдесер еді? Оқыту туралы да, сабақ беру туралы да не айтасыз? 1: 2: Мен сабақ кезінде сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері, қиыншылықтары туралы нені анықтадым? Келесі сабақтарда неге назар аударуым қажет? 1: 2:				

6-сабақ. Программалар құруды жалғастыру

Бөлімі	**II бөлім. Шығармашылық және компьютер (ортақ тақырып: «Менің отбасым және достарым»)**
Педагогтің аты-жөні	
Күні	
Сыныбы	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	**Программалар құруды жалғастырамыз**
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	2.4.1.1 тармақталған алгоритмді жүзеге асыру;

Сабақтың мақсаты	***Барлық оқушы үшін:*** Scratch программасында кейіпкерді сызықтық алгоритммен басқаруға мысал келтіреді. ***Оқушылардың көбі үшін:***

	Екі достың «Сан жасыру» ойынын Scratch-те қалай программалауға болатынын әңгімелейді. ***<u>Кейбір оқушылар үшін:</u>*** Тармақталған алгоритмді жүзеге асырады.

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/уақыты	**Педагогтің іс-әрекеті**	**Оқушының іс-әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
(Ұ) Ұйымдастыру кезеңі (1-7 мин.)	**Сәлемдесу, оқушыларды түгендеу.** **І. Қызығушылықты ояту: «Екі лагерь» әдісі.** ***Топтастыру.*** Жүргізуші сыныптағы бір оқушының өз қалауымен сыртқа шығып кетуін ұсынады. Ол сыртқа шыққанда, қалған оқушылар бір ұқсас белгісіне қарай екі топқа бөлініп, бір-бірінен алыс отырады. Сырттағы оқушы кіріп, екі топтың қандай бір-біріне ұқсамайтын белгі арқылы бөлінгенін табу керек. Ойын топқа бөлінген оқушылардың ықыластылығы мен зейінділігін анықтау үшін жүргізіледі. Бұл оқушылар арасында психологиялық жағымды ахуал туғызады.			
(МК, Ұ) Ой қозғау. «Миға шабуыл» әдісі	Мұғалім төмендегі сұрақтарды оқушыларға қойып, суреттерді интерактивті тақтадан көрсетеді. Оқушылар ұжымдық үлгіде білгендері бойынша өз ойларын айтып, жауап береді.	–Scratch программасында кейіпкерді сызықтық алгоритммен басқаруға мысал келтір. –Екі достың **«Сан жасыру»** ойынын Scratch-те қалай программалауға болады?	Мұғалім оқушыларды сабаққа қатысу белсенділігіне қарай **«Отшашу» әдісі** арқылы бағалайды.	
Жаңа сабаққа дайындық	Жаңа сабаққа дайындық ретінде «Сұрақ-жауап» әдісін қолданып, талқылау жұмысын жүргізу. Қандай да болмасын ақпарат (мәлімет, проблема, сұрақ) туралы бар білгендерін жазбаша немесе ауызша ортаға салады. Ұжымдық талқылауда оқушыға сұрақ қою, проблеманы зерттеу арқылы ой-өрісін дамытады, ойын еркін жеткізеді. Пікірлерін еркін айтуы, ешқандай сынға ұшырамауы керек. Қағазға түсіруге де, ауызша талқылау жұмысын жүргізуге де болады. *Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, өзара ұжымдық талқылау жасағаннан кейін, мұғалім интерактивті тақтадан* ***сабақтың тақырыбы, мақсаты, бағалау критерийлерімен таныстырады.***			

Сабақтың ортасы (31 мин.)	**II. Мағынаны ашу** (білімді өзектендіру үшін). **(T)** *Оқулықпен жұмыс.* **«DEAL» әдісі.** **D (Describe)** – баяндау, суреттеу (оқығанын, көргенін сипаттау, сынау, өлшеу). **E (Explain) –** түсіндіру (құбылыс немесе оқиға бойынша не білетіндерін, түсінгендерін суреттеу). **A (Anallyse)** – талдау (ақпаратты талдау,	**Дескриптор** • Оқулықтағы мәтінді оқиды. • **«DEAL» әдісі** бойынша мәтінмен жұмыс істейді. • Оқулықта берілген практикалық жұмысты компьютерде орындайды.	Топ мүшелері бірін-бірі сабаққа қатысу белсенділігіне қарай **«Отшашу» әдісі** бойынша бағалайды.	Интерактивті тақта.

	қорытынды жасау, себептерін атау). **L (Links) –** байланыс (болжамдар немесе қорытынды жасау, өзінде бар біліммен байланыстыру).			
	(Ж) 1- тапсырма. Тармақталу алгоритміне арналған, аяқталмаған 2 жоба берілген. Осы жобаға скриптілер қосып, есеп құрастырып көріңдер. Жобаны толық аяқтаңдар.	**Дескриптор** • 1-жобаға скрипт қосып, жобаны құрастырады. • 2-жобаға скрипт қосып, жобаны құрастырады. • 2 жобаны толық аяқтайды.	Топтағы оқушылар бір-бірін сабаққа қатысу белсенділігіне қарай **«Отшашу» әдісі** арқылы бағалайды.	Интерактивті тақта.
	(Ж) «Жұппен жұмыс» әдісі Бұл жұмыс түрінің мақсаты – балаларды басқа адамды естуге, тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға, дәлелдеуге, басқаның пікірімен санасуға мүмкіндік береді. Жұппен жұмыс істеуде балалар өз серігін өзі таңдайды. Жыл көлемінде әртүрлі адамдармен қарым-қатынас жасауға үйренеді.	***2-тапсырма*** –1-ші және 2-жобаның скриптілері орындалғанда, экранға қандай нәтиже шығады? Себебін түсіндіріп көр. **Дескриптор** • 1-жобаның нәтижесін шығарады. • 2-жобаның нәтижесін шығарады. • Екі жобаның себебін түсіндіреді.	Жұптағы оқушылар бір-бірін жұптағы жұмыс істеу деңгейіне қарай **«От шашу» әдісі** бойынша бағалайды.	Интерактивті тақта.
Сабақтың соңы (7 мин.) ***Сабақты бекіту. Рефлексия***	**III. Ой толғаныс. Рефлексия** **(Ө) «Даналық ағашы» әдісі** Оқушылар арасынан бір жүргізуші сайланады. Жүргізушінің қолында қорап немесе сандықша болуы керек. Оқушылар бүгінгі сабақта өткен тақырып бойынша ашық сұрақтар құрастырып, жүргізушіге береді. Сұрақтар құрастырылып біткен соң, оқушылар сандықшадан кез келген сұрақты алып, дауыстап оқиды, толық жауап беруге тырысады. Қойылған сұрақ пен берілген жауап бағаланады.			
Саралау. Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз қабілетті оқушылардың алдына қандай тапсырмалар қоясыз?		Бағалау. Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?	Денсаулықты және қауіпсіздік ережелерін сақтау.	

«Диалог және қолдау көрсету», «Тапсырма», «Жіктеу». Саралау тапсырмаларды іріктеуді, белгілі бір оқушыдан күтілетін нәтижені, оқушыға жеке қолдау	**«Отшашу» әдісі.**	Денсаулықты сақтау технологиялары. Сабақта сергіту жаттығулары мен белсенді жұмыс түрлерін қолданамын. Осы сабақта қолданылатын Қауіпсіздік ережелерінің тармақтары орындалады.

көрсетуде, оқу материалы мен ресурстарды оқушылардың жеке қабілеттерін ескере отырып әзірлеуді қамтиды.		

Жалпы бағалау

Сабақтың қай екі аспектісі жақсы өтті? Оқыту және сабақ беру туралы не айтасыз?

1:

2:

Сабақты жақсартуға не жәрдемдесер еді? Оқыту және сабақ беру туралы не айтасыз?

1:

2:

Мен сабақ кезінде сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері, қиыншылықтары туралы нені анықтадым? Келесі сабақтарда неге назар аударуым қажет?

1:

2:

7- сабақ. Алгоритмді орындау

Бөлімі	**II бөлім. Шығармашылық және компьютер (ортақ тақырып: «Менің отбасым және достарым»)**
Педагогтің аты-жөні	
Күні	
Сыныбы	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	**Алгоритмді орындау**
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	2.4.1.2 ауызша белгіленген алгоритмді іске асыру;
Сабақтың мақсаты	***Барлық оқушы үшін:*** Отбасында шай қоюды, аула, үй тазалау, жұмыс орнын жинауды кім үйрететінін әңгімелейді. ***Оқушылардың көбі үшін:*** Үй шаруасындағы жұмыстардың бірін орындау кезіндегі іс-әрекетінің ретін айтып береді. ***Кейбір оқушылар үшін:*** Алгоритмді сөзбен, ауызша сипаттауды жүзеге асырады.

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
(Ұ) Ұйымдастыру кезеңі (1-7 мин.)	**Сәлемдесу, оқушыларды түгендеу.** **І. Қызығушылықты ояту. «Бірлік» әдісі** Оқушылар шағын топ құрамында бір қолының жұдырығын жұмып, бір мезгілде саусақтарын ашады. **Мақсаты:** оқушылардың барлығы да бірдей саусақ санын көрсетуі керек. Ойын оқушылар біркелкі саусақ көрсеткеніне дейін жалғасады. Ойын кезінде оқушылар сөйлеспеуі тиіс. Бұл оқушылар арасында психологиялық жағымды ахуал туғызады және ынтымақты болуға баулиды.			
Топтастыру	Оқушылар шеңбер бойымен тұрып, үшке дейін санап, үш топқа бірігеді.	**1- топ. «Бірінші» тобы** **2-топ. «Екінші» тобы** **3-топ. «Үшінші» тобы**		

(МК, Ұ) Ой қозғау. «Миға шабуыл» әдісі	Мұғалім төмендегі сұрақтарды оқушыларға қойып, суреттерді интерактивті тақтадан көрсетеді. Оқушылар ұжымдық үлгіде білгендері	–Отбасында ауланы, үйді тазалау, жұмыс орнын жинауға кім үйретеді? –Осы жұмыстардың бірін орындау кезіндегі іс-әрекетіңнің ретін айтып бере аласың ба? (1-сурет)	Мұғалім оқушыларды сабаққа қатысу белсенділігіне қарай **«Стикерлер» әдісі** бойынша бағалайды: **Жасыл түс: Жарайсың!**	

	бойынша өз ойларын айтып, жауап береді.		**Сары түс: Жақсы! Қызыл түс: Талпын!**	
Жаңа сабаққа дайындық	Жаңа сабаққа дайындық ретінде «Сұрақ-жауап» әдісін қолданып, талқылау жұмысын жүргізу. Қандай да болмасын бір ақпарат (мәлімет, проблема, сұрақ) туралы бар білгендерін жазбаша немесе ауызша баяндайды. Ұжымдық талқылауда оқушыға сұрақ қою мен проблеманы зерттеу арқылы ой-өрісін дамытады, ойын еркін жеткізеді. Пікірлерін еркін айтып, ешқандай сынға ұшырамауы керек, қағазға түсіруге де, ауызша талқылау жұмысын жүргізуге де болады. *Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, өзара ұжымдық талқылау жасағаннан кейін мұғалім интерактивті тақтадан* ***сабақтың тақырыбымен, мақсатмен және бағалау критерийлерімен таныстырады.***			
Сабақтың ортасы (31 мин.)	**II. Мағынаны ашу** (білімді өзектендіру үшін). **(МК, Т)** *Оқулықпен жұмыс.* **«Жауап беретін әріптес» әдісі.** Оқушылар алдымен мәтінді толық оқиды. Содан соң оқушылар әріптесті немесе топты өз жұмысына түсініктеме беруге немесе талқылауға шақырады. Бұл үдеріс тиімді жүруі үшін оқушылар оқу мақсаты мен табыс критерийлерін білуі қажет. Олар сонымен бірге жауап беретін әріптестің рөлін бағалауы үшін оқу мақсаттарына сәйкес құрылымды және жағымды кері байланыс ұсынуы тиіс. Оқушыларға жұмысты орындап жатқан адамға қоятын сұрақтар тізімі берілуі мүмкін. Бұл әдіс оқушылардың жаңа сабақтың ақпаратымен танысуына, бір-бірімен талқылауына, бір-біріне сұрақ қоюына тиімді болып келеді.	**Дескриптор** • Оқулықтағы мәтінді оқиды. • Бір-бірімен топтық талқылау жұмысын жүргізеді. • Оқулықта берілген практикалық жұмысты орындайды. • Бір-біріне сұрақтар қойып, түсінбеген тұстарын толықтырады.	Топ мүшелері бірін-бірі сабаққа қатысу белсенділігіне қарай **«Стикерлер» әдісі** арқылы бағалайды. **Жасыл түс: Жарайсың! Сары түс: Жақсы! Қызыл түс: Талпын!**	Интерактивті тақта.

	(Ө) 1- тапсырма. Жұмыртқа қуыру: Анасы балаларына жұмыртқаны қалай қуыруға болатынын үйретуде (3-сурет). Суретке қарап, төмендегі тапсырмаларды орында: 1. Жұмыртқа қуырудың сызықтық алгоритмін сөзбен сипаттаңдар. 2. Құрастырған алгоритміңді тармақталған алгоритмге ауыстыр.	**Дескриптор** • Тапсырмамен танысады. • Жұмыртқа қуырудың сызықтық алгоритмін сөзбен сипаттайды. • Құрастырған алгоритмді тармақталған алгоритмге ауыстырады.	Оқушылар бір-бірін сабаққа қатысу белсенділігіне қарай **«Стикерлер» әдісі** бойынша бағалайды. **Жасыл түс: Жарайсың!** **Сары түс: Жақсы!** **Қызыл түс: Талпын!**	Интерактивті тақта
	(Ж) 2-тапсырма. Жұмыртқа қуырудың сөзбен берілген тармақталған алгоритмнің графикалық блок-сызбасын ұсыныңдар.	**Дескриптор** • Жұптасып тапсырмамен танысады. • Өзара талқылау жүргізеді. • Сөзбен берілген тармақталған алгоритмнің графикалық блок-сызбасын ұсынады.	Жұптағы оқушылар бірін-бірі жұптағы жұмыс істеу деңгейіне қарай **«Стикерлер» әдісі** арқылы бағалайды. **Жасыл түс: Жарайсың!** **Сары түс: Жақсы!** **Қызыл түс: Талпын!**	Интерактивті тақта
	(Ө) «ВЕНН диаграммасы» әдісі Бір-бірімен айқасқан екі шеңбердің екі жағына салыстыруға берілетін нысандардың сипаттамалары жазылады. Ал айқасқан жерге екеуіне ортақ сипаттар тізіледі. Салыстыруға арналған тапсырмаларды осы диаграммаға салып, оқушылар қызыға толтырады, яғни салыстыру сияқты күрделі ойлау операциясын меңгереді.	**3- тапсырма.** • Алгоритмді сөзбен және блок-сызбамен ұсыну түрлерін салыстырады. **Дескриптор** • Алгоритмнің екі түрін салыстырады. • Айырмашылығын жазады. •Ұқсастығын жазады.	Жұптағы оқушылар бір-бірін жұптағы жұмыс жасау деңгейіне қарай **«Стикерлер» әдісі** арқылы бағалайды. **Жасыл түс: Жарайсың!** **Сары түс: Жақсы!** **Қызыл түс: Талпын!**	Интерактивті тақта

Сабақтың соңы (7 мин.) ***Сабақты бекіту. Рефлексия***	**III. Ой толғаныс. Рефлексия** **(Ж) «ВЕЕР» әдісі** Сабақты бекіту, яғни қорытындылау үшін оқушыларға желпуіш (веер) жасау тапсырмасы беріледі. Қағазды қатпарлап бүктеп, бірінші оқушы бір қатпарына сабаққа қатысты сұрақтар жазып шығады, екінші оқушы екінші қатпарына қысқаша жауап жазып тапсырады. **Мақсаты:** идеяларды жинақтап, жазбаша кері байланыс береді. **Тиімділігі:** идеялар талқыланады, жинақталады.	Мұғалім оқушыларды сабаққа қатысу белсенділігіне қарай **«Стикерлер» әдісі** бойынша бағалайды. **Жасыл түс: Жарайсың!** **Сары түс: Жақсы!** **Қызыл түс: Талпын!**	Стикерлер

Саралау. Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз қабілетті оқушылардың алдына қандай тапсырмалар қоясыз?	Бағалау. Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?	Денсаулықты және қауіпсіздік ережелерін сақтау.
«Диалог және қолдау көрсету», «Тапсырма», «Жіктеу». Саралау тапсырмаларды іріктеуді, белгілі бір оқушыдан күтілетін нәтижені, оқушыға жеке қолдау көрсетуде, оқу материалы мен ресурстарды оқушылардың жеке қабілеттерін ескере отырып әзірлеуді қамтиды.	**«Стикерлер» әдісі.**	Денсаулықты сақтау технологиялары. Сабақта сергіту жаттығулары мен белсенді жұмыс түрлерін қолданамын. Осы сабақта қолданылатын қауіпсіздік ережелерінің тармақтары орындалады.

Жалпы бағалау

Сабақтың қай екі аспектісі жақсы өтті? Оқыту және сабақ беру туралы не айтасыз?

1:

2:

Сабақты жақсартуға не жәрдемдесер еді? Оқыту және сабақ беру туралы не айтасыз?

1:

2:

Мен сабақ кезінде сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері, қиыншылықтары туралы нені анықтадым? Келесі сабақтарда неге назар аударуым қажет?

1:

2:

8-сабақ. Жеке кейіпкер жасау

Бөлімі	**II бөлім. Шығармашылық және компьютер (ортақ тақырып: «Менің отбасым және достарым»)**
Педагогтің аты-жөні	
Күні	
Сыныбы	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	**Жеке кейіпкер жасау**
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	2.4.2.1 программалау алаңының кірістірілген графикалық редакторында кейіпкер жасау; 2.2.2.1 суреттің фрагментін көшіріп көрсету; 2.2.2.2 суретті өңдеу (қию, айналдыру, өлшемін өзгерту);

Сабақтың мақсаты	***<u>Барлық оқушы үшін:</u>*** Программалау алаңының кірістірілген графикалық редакторында кейіпкер жасайды. ***<u>Оқушылардың көбі үшін:</u>*** Суреттің фрагментін көшіріп көрсетіп, суретті қайта өңдейді. ***Кейбір оқушылар үшін:***

	Scratch-тің графикалық редакторында кейіпкер жасауды үйренеді.

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
(Ұ) Ұйымдастыру кезеңі (1-7 мин.)	**Сәлемдесу, оқушыларды түгендеу.** **І. Қызығушылықты ояту. «Егер .., онда не болар еді?» әдісі.** Оқушылардың бірі өз қиялындағы бір жағдайды айтады, қалғандары соның шешімін тауып жалғастыруы керек. **Мысалы:** *«Егер әрбір адам дүниеге келе сала басқалардың ойын оқи алатын болса, онда Жер бетінде не өзгеріс болар еді?»* *«Егер Жердің тартылыс күші жоғалып кетсе, онда ...»* *«Егер барлық адам сөйлеу қабілетінен айырылып қалса, онда...»* Бұл тәсіл оқушылардың қиялын дамытып, мидың ойлау белсенділігін арттырады әрі оқушыларға психологиялық жағымды ахуал туғызады.			
Топтастыру	***«Жыл мезгілдері» әдісі*** Қатысушылар үнсіз өздері дүниеге келген жыл мезгілі бойынша топқа бөлінеді. Содан соң әр топ өз жыл мезгілін пантомимо арқылы бейнелейді, қалған топ табады.			
(МК, Ұ) Ой қозғау. «Миға шабуыл» әдісі	Мұғалім төмендегі сұрақтарды оқушыларға қойып, суреттерді интерактивті тақтадан көрсетеді. Оқушылар ұжымдық үлгіде білгендері бойынша өз ойларын айтып, жауап береді.	1-суретке назар аудар. – Бала қайда асығып барады? • Мектептен шыққандағы іс- әрекетіңді сипаттап бер. –«Мектептен үйге қайту» жобасының фоны мен кейіпкерін қалай дайындауға болады?	Мұғалім оқушыларды сабаққа қатысу белсенділігіне қарай **«Жұлдызша» әдісі** бойынша бағалайды. Оқушыларға тапсырманы орындауына қарай жұлдызша таратып отырады.	
Жаңа сабаққа дайындық	Жаңа сабаққа дайындық ретінде «Сұрақ-жауап» әдісін қолданып, талқылау жұмысын жүргізу. Қандай да болмасын бір ақпарат (мәлімет, проблема, сұрақ) туралы бар білгендерін жазбаша немесе ауызша түрде жеткізеді. Ұжымдық талқылауда оқушыға сұрақ қою мен проблеманы зерттеу арқылы ой-өрісін дамытады, ойын еркін жеткізеді. Пікірлерін еркін айтып, ешқандай сынға ұшырамауы керек. Қағазға түсіруге де, ауызша талқылау жұмысын жүргізуге де болады. *Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, өзара ұжымдық талқылау жасағаннан кейін, мұғалім интерактивті тақтадан* ***сабақтың тақырыбы, мақсаты, бағалау критерийлерімен таныстырады.***			

Сабақты ң ортасы (31 мин.)	**II. Мағынаны ашу** (білімді өзектендіру үшін) **(МК. Т)** *Оқулықпен жұмыс.* ***«INSERT» әдісі.*** Берілген мәтінді **«Түртіп алу» әдісін** пайдаланып, танысып шығу. INSERT – оқығанын түсінуге, өз ойына басшылық етуге, ойын білдіруге үйрететін ұтымды	**Дескриптор** • Оқулықтағы мәтінді оқиды. • **«INSERT» әдісі** бойынша мәтінмен жұмыс жасайды. • Оқулықта берілген практикалық жұмысты орындайды.	Топ мүшелері бірін-бірі сабаққа қатысу белсенділігіне қарай **«Жұлдызша» әдісі** бойынша бағалайды. **Мақсаты:** оқылған мәліметті түртіп алу жүйесі бойынша таным-түсінігін қалыптастырады. **Тиімділігі:** жаңа материалмен таныса отырып, түртіп алу	Интерактивті тақта

	әдіс. Бір әңгіменің соңына тез жету, оқығанды есте сақтау, мәнін жете түсіну, әрине, ынта-зейінді қажет ететін күрделі әрекет. Сондықтан да зейіні тұрақсыз оқушылар арасында оқуға жеңіл-желпі қарау салдарынан түсіне алмау, өз пікірін өмірдегі жайттармен ұштастыра алмау жиі кездеседі. Бұл орайда үйретуші мұғалім баланы дағдыландыруға күш салады. Мағынаны түсінуді жоғарыдағыдай ұйымдастыру – аталған кемшіліктерді болдырмаудың бірден-бір кепілі.		жүйесімен мәлімет жинайды, саралайды, бағалайды.	
	(Ж). **1- тапсырма.** 1. «Мектептен үйге қайту» жобасындағы баланың іс-әрекетін алгоритмнің сөз түрімен ұсыныңдар. Алгоритмнің қай түріне жатқызуға болады? 2. Күнделікті өздеріңе таныс бір іс-әрекетті Scratch- те орындау алгоритмін жоспарлаңдар.	• «Мектептен үйге қайту» жобасындағы баланың іс-әрекетін алгоритмнің сөз түрімен ұсынады. • Бұны алгоритмнің қай түріне жатқызуға болатындығын анықтайды. • Күнделікті өздеріне таныс бір іс-әрекетті Scratch-те орындау алгоритмін жоспарлайды.	Жұптағы оқушылар бір-бірін сабаққа қатысу белсенділігіне қарай **«Жұлдызша» әдісі** бойынша бағалайды.	Интерактивті тақта
	(Ө) 2-тапсырма. Графикалық редакторда кейіпкерді салудың қандай қиын тұстарын атай аласың?	• Тапсырманы оқып, танысады. • Графикалық редакторда кейіпкерді салудың қандай қиын тұстары бар екенін атайды.	Оқушылар өзін-өзі тапсырма орындағанына қарай **«Жұлдызша» әдісі** бойынша бағалайды.	Интерактивті тақта

Сабақтың соңы (7 мин.)	**III. Ой толғаныс. Рефлексия (Ұ) «Иық тірескен шеңбер» әдісі.**	Мұғалім оқушыларды сабаққа қатысу белсенділігіне қарай **«Жұлдызша» әдісі** арқылы бағалайды.

Сабақты бекіту. Рефлексия	Оқушылар шеңберге бір-бірінің иығына қолдарын салып, құшақтасқан түрде тұрып, бүгінгі сабақ туралы өз пікірлерін білдіреді. Мұғалімнің де бұл шеңберден орын алғаны дұрыс.	Мұғалімнің соңғы қорытынды бағалауы, оқушылардың сабақтың басынан соңына дейінгі жинаған жұлдызшаларын санаумен аяқталады. *Егер оқушы:* **5 жұлдызша жинаса: Жарайсың!** **4 жұлдызша жинаса: Жақсы!** **3 жұлдызша жинаса: Талпын!**
Саралау. Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз қабілетті оқушылардың алдына қандай тапсырмалар қоясыз?	Бағалау. Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?	Денсаулықты және қауіпсіздік ережелерін сақтау.
«Диалог және қолдау көрсету», «Тапсырма», «Жіктеу». Саралау тапсырмаларды іріктеуді, белгілі бір оқушыдан күтілетін нәтижені, оқушыға жеке қолдау көрсетуде, оқу материалы мен ресурстарды оқушылардың жеке қабілеттерін ескере отырып әзірлеуді қамтиды.	**«Жұлдызша» әдісі.**	Денсаулықты сақтау ережелері. Сабақта сергіту жаттығулары мен белсенді жұмыс түрлерін қолданамын. Осы сабақта қолданылатын қауіпсіздік ережелерінің тармақтары орындалады.
Жалпы бағалау Сабақтың қай екі аспектісі жақсы өтті? Оқыту және сабақ беру туралы не айтасыз? 1: 2: Сабақты жақсартуға не жәрдемдесер еді? Оқыту және сабақ беру туралы не айтасыз? 1: 2: Мен сабақ кезінде сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері, қиыншылықтары туралы нені анықтадым? Келесі сабақтарда неге назар аударуым қажет? 1: 2:		

9- сабақ. Пернетақтамен танысу

Бөлімі	**III бөлім. Сөзбе- сөз (ортақ тақырыптар: «Менің мектебім», «Менің туған жерім»)**
Педагогтің аты-жөні	
Күні	
Сыныбы	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	**Пернетақтамен танысу**
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	2.4.2.2 пернетақтадан спрайтты басқаруды ұйымдастыру;
Сабақтың мақсаты	***Барлық оқушы үшін:*** Мәтін жазу, теру құрылғылары қалай дамығындығы туралы әңгімелейді. ***Оқушылардың көбі үшін:*** Пернетақтаны пайдалану ережелерін біледі. ***Кейбір оқушылар үшін:*** Пернетақтадан спрайтты басқарады.

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар

(Ұ) Ұйымдастыру кезеңі (1-7 мин.)	**Сәлемдесу, оқушыларды түгендеу.** **І. Қызығушылықты ояту. «Жұмбақ зат» ойыны** **Ойынның мақсаты**: Оқушылардың ойлау және сөйлеу қабілеттерін арттыру. **Ойынның шарты**: оқушылардың алдына ыдысқа салынып бір зат әкелінеді. Сол затты мұғалім, жауабын айтпай, сөзбен сипаттайды. Оқушылар шешімін табуы қажет. Бұл ойын оқушылар арасында психологиялық жағымды ахуал орнатады.			
(МК, Ұ) Ой қозғау. «Миға шабуыл» әдісі	Мұғалім төмендегі сұрақтарды оқушыларға қойып, суреттерді интерактивті тақтадан көрсетеді. Оқушылар ұжымдық үлгіде білгендері бойынша өз ойларын айтып, жауап береді.	–Мәтін жазу, теру құралдары қалай дамыған? (1-сурет) –Суретке қарап әңгімеле. –Пернетақтада жұмыс істеу ережелерін білесің бе?	Мұғалім белсенділік танытқан оқушыларды **«Мадақтау сөз» әдісі** бойынша бағалайды. **Жарайсың!** **Жақсы!** **Талпын!**	
Жаңа сабаққа дайындық	Жаңа сабаққа дайындық ретінде «Сұрақ-жауап» әдісін қолданып, талқылау жұмысын жүргізу. Қандай да болмасын бір ақпарат (мәлімет, проблема, сұрақ) туралы бар білгендерін жазбаша немесе ауызша жеткізеді. Ұжымдық талқылауда оқушыға сұрақ қою мен проблеманы зерттеу арқылы ой-өрісін дамытады, ойын еркін жеткізеді. Пікірлерінің еркін айтылуы, ешқандай сынға ұшырамауы керек, қағазға түсіруге де, ауызша талқылау жұмысын жүргізуге де болады. *Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, өзара ұжымдық талқылау жасағаннан кейін мұғалім интерактивті тақтадан* ***сабақтың тақырыбымен, мақсатымен және бағалау критерийлерімен таныстырады.***			
Сабақтың ортасы (31 мин.)	**ІІ. Мағынаны ашу** (білімді өзектендіру үшін). **(МК, Т)** ***Оқулықпен жұмыс.*** **«Жәшіктегі кітаптар» әдісі** Ортаға әсем безендірілген жәшік әкелінеді. Мұғалім: «Сыртындағы суреттерге қарап, осы жәшіктің ішінде не бар екенін тапқан оқушыға сыйлығымыз бар», – дейді. Оқушылар: «Кітап», – деп жауап береді. Мұғалім: «Дұрыс, кітап!» – дейді. Оқушылардың әрқайсысы өз кітаптарын алып, 5 минут көлемінде мұғалімнің тапсырмасы бойынша кітаптағы тақырыптың мәтінін оқып, қарап шығады. Содан соң балаларға 5 минуттай бір-біріне осы оқулықтағы тақырып туралы ойларын жеткізу тапсырылады. Бір-біріне сұрақтар қойып, ойларын толықтырады.			Интерактивті тақта. Оқулық. Жұмыс дәптері.

	(МК Д) Компьютермен жұмыс 1. Компьютерді іске қосамыз. 2. Блокнотты іске қосамыз. Ол үшін **Жұмыс үстелінде** тінтуірдің оң батырмасын қолданамыз. 3. **Жасау** (Создать) **=> Мәтіндік құжат** (Текстовый документ)	**Дескриптор** • Оқулықтағы мәтінді оқиды. • Топта өзара талдап, талқылайды. • Бір-біріне сұрақтар қойып, түсінбеген жерлерін толықтырады. • Оқулықта берілген практикалық жұмысты орындайды.	Мұғалім белсенділік танытқан оқушыларды **«Мадақтау сөз» әдісі** арқылы бағалайды. **Жарайсың! Жақсы! Талпын!**	Интерактивті тақта.

	командаларын орындаймыз. **1- тапсырма.** Пернетақтада мына сөздерді тер. **2- тапсырма.** Алдымен қате сөздерді тер, содан кейін оларды түзе. **3- тапсырма.** Пернетақтадан мына символдарды тер.			
	(Ж) 1- тапсырма. Берілген кестедегі сөздерді теруде қате жіберілген. Осы қателерді тауып, жөндеу ретін ұсыныңдар.	**Дескриптор** • Тапсырмамен танысып, талқылайды. • Кестеде берілген сөздердің дұрыс терілуін ұсынады. • Түзетілген сөздерді жазады.	Мұғалім белсенділік танытқан оқушыларды **«Мадақтау сөз» әдісі** бойынша бағалайды. **Жарайсың!** **Жақсы!** **Талпын!**	Интерактивті тақта
	(Ө) 2-тапсырма. ***Жұмыс дәптері*** «Перненің атауын қызметімен сәйкестендір» тапсырмасын орында.	• Тапс ырмамен танысады. • Перненің атауы мен қызметін сәйкестендіреді.	Оқушылар тапсырманы дұрыс немесе бұрыс орындағанын а қарай өзін-өзі **«Мадақтау сөз» әдісі** бойынша бағалайды. **Жарайсың!** **Жақсы!** **Талпын!**	Интерактивті тақта
Сабақтың соңы (7 мин.) ***Сабақты бекіту. Рефлексия***	**(Ө) «Жетістік баспалдағы» әдісі** «Жетістік баспалдағы» әдісі оқушылардың қандай білім баспалдағында тұрғандарын, өткен материалды меңгеруге қай баспалдақта тұрғандығын анықтайды. Баспалдақ тақтаға ілінеді (ватманда, қағаз парағында). Балалар өздері орындаған жұмысты магниттермен немесе стикерлермен өздері қалаған баспалдаққа орналастырады. Не үшін ондай баға қойғандарын түсіндіреді.		Мұғалім оқушылардың белсенділігіне қарай **«Мадақтау сөз» әдісі** бойынша бағалайды: **Жарайсың!** **Жақсы!** **Талпын!**	
Саралау. Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз қабілетті оқушылардың алдына қандай тапсырмалар қоясыз?		Бағалау. Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?	Денсаулықтарын және қауіпсіздік ережелерін сақтау.	

«Диалог және қолдау көрсету», «Тапсырма», «Жіктеу». Саралау тапсырмаларды іріктеуді, белгілі бір оқушыдан күтілетін нәтижені, оқушыға жеке қолдау көрсетуде, оқу материалы мен ресурстарды оқушылардың жеке	**«Мадақтау сөз» әдісі.**	Денсаулықты сақтау технологиялары. Сабақта сергіту жаттығулары мен белсенді жұмыс түрлерін қолданамын. Осы сабақта қолданылатын қауіпсіздік ережелерінің тармақтары орындалады.

қабілеттерін ескере отырып әзірлеуді қамтиды.		

Жалпы бағалау

Сабақтың қай екі аспектісі жақсы өтті? Оқыту және сабақ беру туралы не айтасыз?

1:

2:

Сабақты жақсартуға не жәрдемдесер еді? Оқыту және сабақ беру туралы не айтасыз?

1:

2:

Мен сабақ кезінде сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері, қиыншылықтары туралы нені анықтадым? Келесі сабақтарда неге назар аударуым қажет?

1:

2:

10- сабақ. Пернетақтада жаттығу

Бөлімі	**III бөлім. Сөзбе-сөз (ортақ тақырыптар: «Менің мектебім», «Менің туған жерім»)**
Педагогтің аты-жөні	
Күні	
Сыныбы	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	**Пернетақтада жаттығу**
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	2.4.2.2 пернетақтадан спрайтты басқару;
Сабақтың мақсаты	***Барлық оқушы үшін:*** Өзі оқитын мектебін ауызша сипаттап, оны пернетақтаның көмегімен тереді. ***Оқушылардың көбі үшін:*** Пернетақтада жылдам теруді үйрететін қандай программаның бар екенін айтады. ***Кейбір оқушылар үшін:*** Пернетақтадан спрайтты басқаруды ұйымдастырады.

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
(Ұ) Ұйымдастыру кезеңі (1-7 мин.)	**Сәлемдесу, оқушыларды түгендеу.** **І. Қызығушылықты ояту: «Айна» ойыны** Оқушылар жұптасып, бір-біріне қарама-қарсы тұрады (немесе партада отырып та орындауға болады). Олардың біреуі қолдарымен, аяқтарымен, денесімен, бет-әлпетімен әртүрлі қимылдар жасайды, ал екінші оқушы оларды айна-қатесіз қайталайды: оңды сол, солды оң жасайды. Бір минуттан кейін оқушылар рөлдерімен ауысады. Бұл ойын оқушылар арасында психологиялық жағымды ахуал орнатады.			
Топтастыру	***Топтастыру:*** **«Төрттік» әдіс.** Сыныптағы оқушыларға «әке», «ана», «бала», «дос» деген жазулары бар парақшалар таратылады, сол аттары бойынша 4 топқа бірігеді. Сонымен қатар әке, ана, бала, дос туралы әннің бір шумағын ғана орындату арқылы сергіту жаттығуын жасайды. **Мақсаты:** оқушыларды қатыстыру арқылы барлығын теңестіру, бір-біріне жақындастыру. **Тиімділігі:** оқушылардың бір-біріне деген бауырмалдығы оянады, ынтымақтасады.			

(МК, Ұ) Ой қозғау. ***«Миға шабуыл» әдісі***	Мұғалім төмендегі сұрақтарды оқушыларға қойып, суреттерді интерактивті тақтадан көрсетеді. Оқушылар ұжымдық үлгіде білгендері бойынша	–Оқитын мектебіңді үш ауыз сөзбен сипаттай аласың ба? (1-сурет) –Сипаттаған сөздеріңді пернетақтада қалай жылдам теруге болады?	Мұғалім белсенділік танытқан оқушыларды **«Бас бармақ» әдісі** арқылы бағалайды. **Жарайсың!** **Жақсы!** **Талпын!**	

	өз ойларын айтып, жауап береді.	–Пернетақтада жылдам теруді үйрететін қандай программаны білесің?		
Жаңа сабаққа дайындық	Жаңа сабаққа дайындық ретінде «Сұрақ-жауап» әдісін қолданып, талқылау жұмысын жүргізу. Қандай да болмасын бір ақпарат (мәлімет, проблема, сұрақ) туралы бар білгендерін жазбаша немесе ауызша ортаға салады. Ұжымдық талқылауда оқушыға сұрақ қою, проблеманы зерттеу арқылы ой-өрісін дамытады, ойын еркін жеткізеді. Пікірлерін еркін айтып, ешқандай сынға ұшырамауы керек, қағазға түсіруге де, ауызша талқылау жұмысын жүргізуге де болады. *Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, өзара ұжымдық талқылау жасағаннан кейін мұғалім интерактивті тақтадан* ***сабақтың тақырыбымен, мақсатымен және бағалау критерийлерімен таныстырады.***			
Сабақтың ортасы (31 мин.)	**II. Мағынаны ашу** (білімді өзектендіру үшін). ***(МК. Т) Оқулықпен жұмыс.*** ***«ДЖИГСО» әдісі*** Көлемді мәтін төрт бөлікке бөлінеді, оқушылар да төрт адамдық шағын топтарға бөлініп («бастапқы топ»), 1-ден 4-ке дейін нөмірленеді. Осыдан кейін олардың әрқайсысы өз нөміріне сәйкес мәтіннің бір бөлігін ғана оқиды. Содан кейін топтар құрамы өзгертіліп, жаңа топтар («сарапшылар тобы») құрылады, сарапшылар тобында оқушылар өз нөмірлері бойынша жинақталады: мәтіннің №1 бөлігін оқыған оқушылар 1-топқа, т.с.с. Өкілдер басқа топтарға барып, өз жұмыстарын таныстырады, топтық талқылау жүреді.	**Дескриптор** • Жаңа тақырыптың мәтінімен оқып, танысады. • Топтар арасында талқылайды. • Бір-бірі не сұрақтар қойып, түсінбеген жерлерін толықтырады.	Топтар бір-бірін сабаққа қатысқан белсенділігіне қарай **«Басбармақ» әдісі** арқылы бағалайды. **Жарайсың!** **Жақсы!** **Талпын!** **Мақсаты:** берілген тақырыпты топ ішінде талқылап, әртүрлі тәсілдермен топтық жұмыс жасау. Басқа топтарға өкілдерді жіберіп, өз жұмысы туралы топта талқылау, идеялармен бөлісу, ынтымақтастықты дамытады. **Тиімділігі:** ынтымақта, бірлікте жұмыс істеуге, білгенін жолдастарымен бөлісуге, тақырыпты ортаға салып талқылауға, түйінді ойды саралауға жетелейді.	Интерактивті тақта
	(МК. Ө) Практикалық жұмыс Оқулықта берілген пернетақтамен жаттығу жасауға арналған тапсырмаларды мұғалімнің көмегімен орындауға болады.			Интерактивті тақта

	(Т) «Кластер» әдісі Тұжырымды ойларын плакатқа түсіріп, топтық жұмыс қорғалады (постер).	**Дескриптор** • Пернетақ тада жылдам жазу үшін не істеу керектігін айтады.	Топ мүшелері бір-бірін **«Басбармақ» әдісі** бойынша бағалайды. **Жарайсың! Жақсы!**	Интерактивті тақта

	«Ө» рубрикасымен берілген тапсырмаларды топпен, жұппен талқылай отырып орындайды. **1-тапсырма.** Пернетақтада жылдам әрі қатесіз жазу үшін не істеу керек? Өз жаттығу ережелеріңді ұсыныңдар.	• Пернетақтада қатесіз жазу үшін не істеу керектегін айтады. • Өз дерінің жаттығу ережелерін ұсынады.	**Талпын!** **Мақсаты:** идеялар мен ақпараттардың арасындағы байланыстарды жинақтайды, тұжырымдайды. **Тиімділігі:** тақырыптың байланыстары туралы сұрақтар құрастырып, оларға жауап іздейді, идеяларды жинақтайды.	
	(Ж) 2-тапсырма. Пернетақта пернелерінің басылуы жайлы дерек берілген. Сол деректі пайдаланып терілген әріптер тізбегін тап. Мысалы, 3A2p2a=AAAрраа	**Дескриптор** • Жұп тасып тапсырмамен танысады, талқылайды. • Берілге н деректерді пайдаланып, терілген әріптер тізбегін табады.	Жұптағы оқушылар бір-бірін тапсырма орындау деңгейіне байланысты **«Басбармақ» әдісі** бойынша бағалайды. **Жарайсың!** **Жақсы!** **Талпын!**	Интерактивті тақта
	(Ө) ***3- тапсырма*** Мына пернелер ретімен басылғанда қандай мәтін пайда болады?	• 1-перне лердің дұрыс реттілігін табады. • 2-перне лердің дұрыс реттілігін табады.	Оқушылар тапсырма орындағанына қарай өзін-өзі **«Басбармақ»** әдісі бойынша бағалайды. **Жарайсың!** **Жақсы!** **Талпын!**	
Сабақтың соңы (7 мин.) ***Сабақты бекіту. Рефлексия***	**III. Ой толғаныс. Рефлексия** **(Ө) «Ұшақ» әдісі** Оқушылар қағаздан ұшақ жасап, ұшақтың бір қанатына өздерінің сабақтан алған жаңалықтары мен білімдерін жазады. Ал екінші қанатына: «Не үшін пернетақтада жылдам әрі қатесіз жазуымыз керек?» дегенге жауап жазады. Ұшақты қалаған бағытқа ұшырады. Кімге келіп қонса, сол оқушы ұшақтағы мәтінді оқып, сыныптастарына таныстырады.		Мұғалім белсенділік танытқан оқушыларды **«Басбармақ» әдісі** арқылы бағалайды. **Жарайсың!** **Жақсы!** **Талпын!** **Мақсаты:** идеяларды жинақтап, жазбаша кері байланыс береді. **Тиімділігі:** идеялар талқыланады, жинақталады.	
Саралау. Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз қабілетті оқушылардың алдына қандай тапсырмалар қоясыз?		Бағалау. Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?	Денсаулығын және қауіпсіздік ережесін сақтау.	

«Диалог және қолдау көрсету», «Тапсырма», «Жіктеу». Саралау тапсырмаларды іріктеуді, белгілі бір оқушыдан күтілетін нәтижені, оқушыға жеке қолдау көрсетуде, оқу материалы мен ресурстарды оқушылардың жеке қабілеттерін ескере отырып әзірлеуді қамтиды.	**«Басбармақ» әдісі.**	Денсаулықты сақтау технологиялары. Сабақта сергіту жаттығулары мен белсенді жұмыс түрлерін қолданамын. Осы сабақта қолданылатын Қауіпсіздік техникасы ережелерінің тармақтары орындалады.

Жалпы бағалау

Сабақтың қай екі аспектісі жақсы өтті? Оқыту және сабақ беру туралы не айтасыз? 1:
2:
Сабақты жақсартуға не жәрдемдесер еді? Оқыту және сабақ беру туралы не айтасыз? 1:
2:
Мен сабақ кезінде сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері, қиыншылықтары туралы нені анықтадым? Келесі сабақтарда неге назар аударуым қажет?
1:
2:

11- сабақ. Мәтін теруде пернетақтаны басқару

Бөлімі	**III бөлім. Сөзбе-сөз (ортақ тақырыптар: «Менің мектебім», «Менің туған жерім»)**
Педагогтің аты-жөні	
Күні	
Сыныбы	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	**Мәтін теруде пернетақтаны басқару**
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	2.4.2.2 пернетақтадан спрайтты басқаруды ұйымдастыру;
Сабақтың мақсаты:	***Барлық оқушы үшін:*** Оқушылар өздері оқитын мектептің ерекшеліктері туралы әңгімелейді. ***Оқушылардың көбі үшін:*** Құрастырған сөйлемді компьютерде қалай теріп сақтауға болатынын айтады. ***Кейбір оқушылар үшін:*** Пернетақтадан спрайтты басқаруды ұйымдастырады.

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
(Ұ) Ұйымдастыру кезеңі (1-7 мин.)	**Сәлемдесу, оқушыларды түгендеу.** **І. Қызығушылықты ояту. «Балық, құс, аң» ойыны** **Ойынның шарты:** жүргізуші ойыншылардың жанына барып жаймен ғана: «балық, құс, аң» деп айтып келеді де, бір ойыншының жанына барған кезде даусын қаттырақ шығарып: «Балық!» (немесе «аң, құс»), – деп айтады. Сол мезетте ол ойыншы бірден өзі білетін кез келген балықтың атын айтып үлгеруі керек. Айта алмай қалса, ол ойыннан шығады. Ойын ең соңғы ойыншы қалғанша жалғаса береді. Бұл ойын оқушылар арасында психологиялық жағымды ахуал орнатады.			
Топтастыру	**«Есімдер арқылы топтастыру» әдісі** Оқушылардың есімдерін балмұздақтардың таяқшаларына жазыңыз, жауап беру үшін кездейсоқ тәртіппен оларды таңдап шығарыңыз. 1, 2, 3-ке дейінгі сандарды допқа немесе оқушылардың саны немесе сыныптағы отыратын орнының нөмірі жазылған санауыштарда жазыңыз. ***1- топ: 2- топ: 3- топ:***			
(МК, Ұ) Ой қозғау. «Миға шабуыл» әдісі	Мұғалім төмендегі сұрақтарды оқушыларға қойып, суреттерді интерактивті тақтадан көрсетеді. Оқушылар ұжымдық үлгіде білгендері бойынша өз	–Өзің оқитын мектептің қандай ерекшелігін атай аласың? –Құрастырған сөйлеміңді компьютерде қалай теріп сақтауға болады? –Компьютерде мәтін теруге арналған қандай программаларды білесің?	Мұғалім белсенділік танытқан оқушыларды **«Қошеметтеу» әдісі** арқылы бағалайды.	

	ойларын айтып, жауап береді.			
Жаңа сабаққа дайындық	Жаңа сабаққа дайындық ретінде «**Сұрақ-жауап» әдісін** қолданып, талқылау жұмысын жүргізу. Қандай да болмасын бір ақпарат (мәлімет, проблема, сұрақ) туралы бар білгендерін жазбаша немесе ауызша ортаға ой салады. Ұжымдық талқылауда оқушыға сұрақ қою мен проблеманы зерттеу арқылы ой-өрісін дамытады, ойын еркін жеткізеді. Пікірлерінің еркін айтылуы, ешқандай сынға ұшырамауы керек, қағазға түсіруге де, ауызша талқылау жұмысын жүргізуге де болады. *Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, өзара ұжымдық талқылау жасағаннан кейін, мұғалім интерактивті тақтадан* ***сабақтың тақырыбымен, мақсатымен және бағалау критерийлерімен таныстырады.***			
Сабақтың ортасы (31 мин.)	**II. Мағынаны ашу** (білімді өзектендіру үшін) ***(МК. Т) Оқулықпен жұмыс. «ДЖИГСО» әдісі*** Көлемді мәтін төрт бөлікке бөлінеді, оқушылар да төрт шағын топқа бөлініп («бастапқы топ»), 1-ден 4-ке дейін нөмірленеді. Осыдан кейін олардың әрқайсысы өз нөміріне сәйкес мәтіннің бір бөлігін ғана оқиды. Содан кейін топтар құрамы өзгертіліп, жаңа топтар («сарапшылар тобы») құрылады, сарапшылар тобында оқушылар өз нөмірлері бойынша жинақталады. Мысалы: мәтіннің №1 бөлігін оқыған оқушылар 1-топқа, т.с.с. Өкілдер басқа топтарға барып, өз жұмыстарын таныстырады, топтық талқылау жүреді.	**Дескриптор** • Жаңа тақырыптың мәтінін оқып, танысады. • Топтар арасында талқылайды. • Бір-біріне сұрақтар қойып, түсінбеген жерлерін толықтырады.	Топтар бірін-бірі сабаққа қатысқан белсенділігіне қарай **«Қошеметтеу» әдісі** арқылы бағалайды. **Мақсаты:** берілген тақырыпты топ ішінде талқылап, әртүрлі тәсілдермен топтық жұмыс жасау. Басқа топтарға өкілдерді жіберіп, өз жұмысы туралы топта талқылау, идеялармен бөлісу, ынтымақтастықты дамытады. **Тиімділігі:** ынтымақта, бірлікте жұмыс істеуге, білгенін жолдастарымен бөлісуге, тақырыпты ортаға салып талқылауға, түйінді ойды саралауға жетелейді.	Интерактивті тақта
	(МК. Ө) Практикалық жұмыс Оқулықта берілген практикалық тапсырмаларды мұғалімнің көмегімен компьютерде орындауға болады.	**Орында.** • Мәтін тергенде қазақ алфавитінің ә, ө, ұ, ү, і, ғ, қ, ң, h әріптерінің орналасуын білу керек. •Бұл әріптердің пернетақтада орналасу орнын	Оқушылар өзін-өзі **«Қошеметтеу» әдісі** бойынша бағалайды.	Интерактивті тақта

		анықтаңдар. Мысалы, ң =>4 . **Дескриптор**		

		• Қазақ әліппесінің пернетақтадағы орналасуын анықтайды.		
	(Ж) 2- тапсырма. Мәтіндік редакторда берілген символдарды теріңдер. Кейбір символдар ағылшын алфавитінің орналасуына қатысты. **Shift+Alt** пернелерін бірге бас. **KK** – қазақ және **EN** – ағылшын тілдерінің жазылу алфавитіне ауыстырады.	**Дескриптор** •Кестеде мәтіндік редакторда берілген символдарды тереді.	Жұптағы оқушылар бірін-бірі тапсырма орындау деңгейіне байланысты **«Қошеметтеу» әдісі** бойынша бағалайды.	Интерактивті тақта
	(Т) «ВЕНН» диаграммасы **3- тапсырма.** Мәтінді қаламмен жазған ыңғайлы ма, әлде компьютерде терген ыңғайлы ма? Салыстыр. Мысал келтір.	•Венн диаграммасы бойынша берілген тапсырманы салыстырады. •Ерекшеліктерін анықтайды. •Ұқсастықтарын жазады.	Топ мүшелері тапсырма орындағанына қарай бірін-бірі **«Қошеметтеу» әдісі** бойынша бағалайды.	Интерактивті тақта
Сабақтың соңы (7 мин.) ***Сабақты бекіту. Рефлексия***	**(Ө) «Шабадан, еттартқыш, қоқыс жәшігі» әдісі.** Тақырып бойынша алған керекті ақпараттарды «шабаданның» тұсына жазса, ал «әлі де оқуым керек», «толықтыруым керек» дегендері болса, «еттартқыштың» тұсына жазады. Сонымен қатар керек болмаған, артық дүниені «қоқыс жәшігінің» тұсына жазады. Осылайша мұғалім өткен сабақтан қандай білім алғанын біледі. **Мақсаты:** оқушы алған білімін саралауға дағдыланады. **Тиімділігі:** тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды.		Мұғалім белсенділік танытқан оқушыларды **«Қошеметтеу» әдісі** бойынша бағалайды.	
Саралау. Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз қабілетті оқушылардың алдына қандай тапсырмалар қоясыз?		Бағалау. Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?	Денсаулығын және қауіпсіздік ережесін сақтау.	
«Диалог және қолдау көрсету», «Тапсырма», «Жіктеу». Саралау тапсырмаларды іріктеуді, белгілі бір оқушыдан күтілетін нәтижені, оқушыға жеке қолдау көрсетуде, оқу материалы мен ресурстарды оқушылардың жеке қабілеттерін ескере отырып әзірлеуді қамтиды.		**«Қошеметтеу» әдісі.**	Денсаулықты сақтау технологиялары. Сабақта сергіту жаттығулары мен белсенді жұмыс түрлерін қолданамын. Осы сабақта қолданылатын қауіпсіздік техникасы ережелерінің тармақтары орындалады.	

Жалпы бағалау

Сабақтың қай екі аспектісі жақсы өтті? Оқыту және сабақ беру туралы не айтасыз?

1:

2:

Сабақты жақсартуға не жәрдемдесер еді? Оқыту және сабақ беру туралы не айтасыз? 1:
2:
Мен сабақ кезінде сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері, қиыншылықтары туралы нені анықтадым? Келесі сабақтарда неге назар аударуым қажет?
1:
2:

12- сабақ. Спрайтты пернетақтамен басқару

Бөлімі	**III бөлім. «Сөзбе - сөз (ортақ тақырыптар: «Менің мектебім», «Менің туған жерім»)**
Педагогтің аты-жөні	
Күні	
Сыныбы	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	**Спрайтты пернетақтамен басқару.**
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	2.4.2.2 пернетақтадан спрайтты басқару;
Сабақтың мақсаты	***Барлық оқушы үшін:*** Компьютердегі ойындарды басқаруға арналған құрылғылар туралы әңгімелейді. ***Оқушылардың көбі үшін:*** Тек пернетақтамен басқаратын ойындарға мысалдар келтіреді. ***Кейбір оқушылар үшін:*** Пернетақтадан спрайтты басқаруды ұйымдастырады.

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
(Ұ) Ұйымдастыру кезеңі (1-7 мин.)	**Сәлемдесу, оқушыларды түгендеу.** **І. Қызығушылықты ояту. «Арқаға массаж жасау» ойыны** Оқушылар шеңбер құрып тұрады да, мұғалімнің айтуы бойынша оңға бұрылып, ілгері қарай жүреді. Әр оқушы алдында тұрған жолдасының арқасына массаж жасауы керек. Бір минуттан кейін шеңбер теріс айналып, қайтадан алдында тұрған сыныптастарына массаж жасайды. Бұл ойын оқушыларға психологиялық жағымды ахуал орнатады.			
Топтастыру	***«Атомдар мен молекулалар» әдісі*** Молекулалар атомдардың жиынтығы екендігі баршаға мәлім. Оқушылар сыныптың бос жеріне жиналады. Ойынды жүргізуші «Атомдар!» деп дауыстағанда, олар бір-бірімен араласып, әрлі-берлі жүруі керек, өйткені олар қазір броундық қозғалыстағы атомдар іспетті. Ал жүргізуші «Молекулалар!» деп айтып, бір санды атаса (мәселен, үш немесе төрт, бес, алты), оқушылар сол аталған сан құрамында топтарға жедел түрде бірігуі керек. Қалыс қалған оқушылар (топ құрамын аталған саннан кем құрғандар) айып ретінде бір тапсырма орындайды. Мысалы, өлең оқиды, ән айтады т.с.с. Ойынның нәтижесінде құралған топтар сол құрамда қалады. ***1- топ: 2- топ: 3- топ:***			
(МК, Ұ) Ой қозғау. «Миға шабуыл» әдісі	Мұғалім төмендегі сұрақтарды оқушыларға қойып, суреттерді интерактивті тақтадан көрсетеді. Оқушылар ұжымдық үлгіде білгендері бойынша өз ойларын айтып, жауап береді.	–Компьютердегі ойындарды басқаруға арналған қандай құрылғыларды білесің? (1-сурет) Әңгімеле. –Тек пернетақтамен басқаратын ойындарға мысал келтіре аласың ба? –Scratch-те спрайтты пернемен басқаруға бола ма?	Мұғалім белсенділік танытқан оқушыларды **«Стикерлер» әдісі** бойынша бағалайды. **Жасыл түс: Жарайсың!** **Сары түс: Жақсы!** **Қызыл түс: Талпын!**	

Жаңа сабаққа дайындық	Жаңа сабаққа дайындық ретінде «Сұрақ-жауап» әдісін қолданып, талқылау жұмысын жүргізу. Қандай да болмасын бір ақпарат (мәлімет, проблема, сұрақ) туралы бар білгендерін жазбаша немесе ауызша түрде ортаға салады. Ұжымдық талқылауда оқушыға сұрақ қою мен проблеманы зерттеу арқылы ой-өрісін дамытады, ойын еркін жеткізеді. Пікірлерінің еркін айтылуы, ешқандай сынға ұшырамауы керек, қағазға түсіруге де, ауызша талқылау жұмысын жүргізуге де болады. *Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, өзара ұжымдық талқылау жасағаннан кейін мұғалім интерактивті тақтадан* ***сабақтың тақырыбымен, мақсатымен және бағалау критерийлерімен таныстырады.***			
Сабақтың ортасы (31 мин.)	**II. Мағынаны ашу** (білімді өзектендіру үшін). ***(МК. Т)*** ***Оқулықпен жұмыс.*** **«Әңгімелесетін әріптестер» әдісі** Алдымен топтарға бірігіп, оқулықтағы жаңа сабақтың мәтінін оқиды. Жаңа сабаққа сілтеме жасауды көздейтін бастапқы немесе бүкіл сыныпқа арналған тапсырма ретінде оқушылар әріптестерімен: • жаңа оқылған 3 факт туралы; • оларға жеңіл болып көрінгендер туралы; • оларға қиын болып көрінгендер туралы; • алдағы уақытта оқығысы келген нәрселер туралы ақпарат алмасады.	**Дескриптор** • Жаңа тақырыптың мәтінін оқып, танысады. • Топтар арасында талқылайды. • Бір-біріне сұрақтар қойып, түсінбеген жерлерін толықтырады.	Топтар бірін-бірі сабаққа қатысқан белсенділігіне қарай **«Стикерлер» әдісі** арқылы бағалайды. **Жасыл түс: Жарайсың!** **Сары түс: Жақсы!** **Қызыл түс: Талпын!**	Интерактивті тақта
	(МК. Ө) **Практикалық жұмыс** Оқулықта берілген практикалық тапсырмаларды мұғалімнің көмегімен компьютерде орындауға болады.	**Тапсырма:** Гауһар 2-сыныпта оқиды. Ол күнде таңертең мектебіне асығады. Сабақтан кейін үйіне қайтады. Гауһардың осы қозғалысын программалау ортасында жобала.		Интерактивті тақта

	(Ж). 1-тапсырма. 6-суреттегі жобаның скриптісін талдаңдар. Төмендегі өзгерістерді жобаға енгізсек,	• Берілген жоба скриптісін талдайды. • Тапсырмадағы бірінші өзгерісті енгізіп, скриптінің нәтижесін шығарады.	Бірін-бірі **«Стикерлер» әдісі** арқылы бағалайды. **Жасыл түс: Жарайсың! Сары түс: Жақсы!**	Интерактивті тақта

	оның скриптілері қалай өзгереді? 1. Кейіпкер мектепке барып, қайтқан соң күнді айға ауыстыру. 2. Спрайттың спрайтқа жанасуын түстер арқылы қалай анықтауға болады?	• Тапсырма дағы екінші өзгерісті енгізіп, скриптінің нәтижесін шығарады.	**Қызыл түс: Талпын!**	
	(Ж) 2-тапсырма. 6-суреттегі жобадағы скриптіге 7-суреттегідей өзгеріс жасалды. Жоба орындалғанда қандай өзгеріс болады?	**Дескриптор** • Жұптасып, тапсырманы талқылайды. • Жоба скриптіндегі өзгерістің нәтижесін шығарады.	Жұптағы оқушылар бір-бірін тапсырма орындау деңгейіне байланысты **«Стикерлер» әдісі** бойынша бағалайды. **Жасыл түс: Жарайсың!** **Сары түс: Жақсы!** **Қызыл түс: Талпын!**	Интерактивті тақта
Сабақтың соңы (7 мин.) ***Сабақты бекіту. Рефлексия***	**(Ө). «Бес саусақ» әдісі** Басбармақ – өзімді қалай сезіндім? Балаң үйрек – басқаларға көмегім тиді ме? Ортан терек – бүгінгі көңіл күйім қандай болды? Шылдыр шүмек – бүгінгі сабақ ұнады ма? Кішкентай бөбек – бүгін не үйрендім? **Мақсаты:** оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады. **Тиімділігі:** тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды.		Мұғалім белсенділік танытқан оқушыларды **«Стикерлер» әдісі** арқылы бағалайды. **Жасыл түс: Жарайсың!** **Сары түс: Жақсы!** **Қызыл түс: Талпын!**	
Саралау. Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз қабілетті оқушылардың алдына қандай тапсырмалар қоясыз?		Бағалау. Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?	Денсаулығын және қауіпсіздік ережесін сақтау.	
«Диалог және қолдау көрсету», «Тапсырма», «Жіктеу». Саралау тапсырмаларды іріктеуді, белгілі бір оқушыдан күтілетін нәтижені, оқушыға жеке қолдау көрсетуде, оқу материалы мен ресурстарды оқушылардың жеке қабілеттерін ескере отырып әзірлеуді қамтиды.		**«Стикерлер» әдісі.**	Денсаулықты сақтау технологиялары. Сабақта сергіту жаттығулары мен белсенді жұмыс түрлерін қолданамын. Осы сабақта қолданылатын қауіпсіздік ережелерінің тармақтары орындалады.	

Жалпы бағалау

Сабақтың екі аспектісінің қайсысы жақсы өтті? Оқыту және сабақ беру туралы не айтасыз?

1:
2:
Сабақты жақсартуға не жәрдемдесер еді? Оқыту және сабақ беру туралы не айтасыз? 1:
2:
Мен сабақ кезінде сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері, қиыншылықтары туралы нені анықтадым? Келесі сабақтарда неге назар аударуым қажет?
1:
2:

13- сабақ. Мәтінмен жұмыс істеу

Бөлімі	**III бөлім. «Сөзбе-сөз (ортақ тақырыптар: «Менің мектебім», «Менің туған жерім».**
Педагогтің аты-жөні	
Күні	
Сыныбы	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	**Мәтінмен жұмыс істеу**
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	2.4.2.3 кейіпкерлер арасында мәтіндік диалог ұйымдастыру;
Сабақтың мақсаты	***Барлық оқушы үшін:*** Ата мен немере диалогі. Отан, туған жер туралы әңгімелейді. ***Оқушылардың көбі үшін:*** «Әке мен бала» жобасын жасайды. ***Кейбір оқушылар үшін:*** Scratch-те кейіпкерлер арасында мәтіндік диалог ұйымдастыруды үйренеді.

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
(Ұ) Ұйымдастыру кезеңі (1-7 мин.)	**Сәлемдесу, оқушыларды түгендеу.** **І. Қызығушылықты ояту. «Арқаға сурет салу» ойыны** **Ойынның шарты:** Бұл ойында барлық әрекеттерді үнсіз жасау керек. Оқушылар екі топқа бөлініп, бірінің соңынан екіншісі тұрып, сап түзейді. Мұғалім ең соңында тұрған оқушыларға бір заттың атауы жазылған қағаз ұсынады (мәселен, алма, алмұрт, жүзім, гүл, кітап, ағаш, автомәшине т.б.). **Тапсырма:** соңында тұрған оқушы үндемей, алдында тұрған оқушының арқасына әлгі заттың суретін саусағымен салады. Арқасына сурет салынған оқушы алдында тұрған оқушының арқасына өзінің арқасына салынған заттың суретін салады. Суреттер салынып біткеннен кейін, мұғалім соңғы оқушыдан арқасына салынған заттың атын сұрап, оны қағазда жазылғанмен салыстырады. Бұл ойын оқушыларға психологиялық жағымды көтеріңкі көңіл күй орнатады.			
Топтастыру	***Топтастыру*****. «Төрттік» әдісі** Сыныптағы оқушыларға «әке», «ана», «бала», «ата» деген жазулары бар парақшалар таратылады, сол аттары бойынша 4 топқа бірігеді. Сонымен қатар әке, ана, бала, ата туралы әннің бір шумағын ғана орындату арқылы сергіту жаттығуын жасайды. **Мақсаты:** оқушыларды қатыстыру арқылы барлығын теңестіру, бір-біріне жақындастыру. **Тиімділігі:** оқушының бір-біріне деген бауырмалдығы оянады, ынтымақтастығы артады.			
(МК, Ұ) Ой қозғау. «Миға шабуыл» әдісі	Мұғалім төмендегі сұрақтарды оқушыларға қойып, суреттерді интерактивті тақтадан көрсетеді. Оқушылар	1-суретте ата мен немере диалогі бейнеленген. –Олар не туралы әңгімелесіп жатыр деп ойлайсың? –Отан, туған жер туралы отбасында кімдер әңгіме қозғайды?	Мұғалім белсенділік танытқан оқушыларды **«Отшашу» әдісі** бойынша бағалайды.	

	ұжымдық үлгіде білгендері бойынша өз ойларын айтып, жауап береді.	–Scratch-те кейіпкері сөйлейтін жобалар құрып көрдің бе?		
Жаңа сабаққа дайындық	Жаңа сабаққа дайындық ретінде **«Сұрақ-жауап» әдісін** қолданып, талқылау жұмысын жүргізу. Қандай да болмасын бір ақпарат (мәлімет, проблема, сұрақ) туралы бар білгендерін жазбаша немесе ауызша түрде жеткізеді. Ұжымдық талқылауда оқушыға сұрақ қою мен проблеманы зерттеу арқылы ой-өрісін дамытады, ойын еркін жеткізеді. Пікірлерінің еркін айтылуы, ешқандай сынға ұшырамауы керек, қағазға түсіруге де, ауызша талқылау жұмысын жүргізуге де болады. *Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, өзара ұжымдық талқылау жасағаннан кейін мұғалім интерактивті тақта арқылы* ***сабақтың тақырыбымен, мақсатымен және бағалау критерийлерімен таныстырады.***			
Сабақтың ортасы (31 мин.)	**II. Мағынаны ашу** (білімді өзектендіру үшін). ***(МК, Т)*** ***Оқулықпен жұмыс*** Оқушылар оқулықтағы «Жаңа білім» айдарымен берілген ақпаратпен танысады. Оқу уақыты біткен соң топпен талқылау жүргізіледі. Мұғалім топтық талқылауға қатысады. Оқушылар тарапынан сұрақтар қойылады, мұғалім сұрақтарға жауап береді.	**Дескриптор** • Жаңа тақырыптың мәтінін оқиды, танысады. • Топтар арасында талқылайды. • Бір-біріне сұрақтар қойып, түсінбеген жерлерін толықтырады.	Топтар бір-бірін сабаққа қатысқан белсенділігіне қарай **«Отшашу»** әдісі бойынша бағалайды.	Интерактивті тақта

	(МҚ, Ө) Практикалық жұмыс Оқулықта берілген практикалық тапсырмаларды мұғалімнің көмегімен компьютерде орындайды. Бұл тапсырманы орындау арқылы оқушылар өздігінен келесі тапсырманы орындауға бейімделеді.	**Тапсырма:** Жобаның фонына даланың суретін, 1-кейіпкер ретінде баланың, 2-кейіпкер ретінде әкенің суретін дайындаймыз (2-сурет).	Оқушылар өзін-өзі **«Отшашу» әдісі** бойынша бағалайды.	Интерактивті тақта

	(Ө) ***1-тапсырма*** 3 және 4-суреттегі жоба скриптілерін талда. **Келбет (**Внешность) блогына жататын командалардың тізімін жаса. Бұл командалардың жобадағы қызметін ата.	**Дескриптор** –Суреттерде берілген жоба скриптісін талдайды. **–Келбет** (Внешность) командасының тізімін жасайды. Команданың атқаратын қызметін атайды.	Оқушылар өзін-өзі **«Отшашу» әдісі** бойынша бағалайды.	Интерактивті тақта
	(Ж) ***2-тапсырма*** Әке мен баланың диалогіне тағы бір-бірден сөйлем қосу үшін жоба скриптісіне өзгеріс енгізіңдер.	• Берілген тапсырманы өзара талқылайды. • Дайын жоба скриптісіне өзгеріс енгізеді. • Әке мен бала диалогіне сөйлем қосады.	Оқушылар бірін-бірі тапсырма орындау деңгейіне байланысты **«Отшашу» әдісі** бойынша бағалайды.	Интерактивті тақта
	(Ж) ***3-тапсырма.*** «Әке мен бала» жобасын **«d**» мен **«f»** пернелері арқылы басқару үшін скриптілерге жасалатын өзгеріс алгоритмін ұсыныңдар.	**Дескриптор** • Жұптасып тапсырманы талқылайды. • Жобаға жасалатын өзгеріс алгоритмін ұсынады.	Оқушылар өзін-өзі **«Отшашу» әдісі** бойынша бағалайды.	
Сабақтың соңы (7 мин.) ***Сабақты бекіту. Рефлексия***	**III. Ой толғаныс. Рефлексия. (Ө) «Еркін микрофон» әдісі** бойынша бүгінгі сабақтан алған әсерін, нені оқып зерделегенін, нені үйренгенін айтады.	***«Жоба кейіпкерлерін сөйлетудің қандай маңызы бар?»***	Мұғалім белсенділік танытқан оқушыларды **«Отшашу» әдісі** бойынша бағалайды.	
Саралау. Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз қабілетті оқушылардың алдына қандай тапсырмалар қоясыз?		Бағалау. Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?	Денсаулығын және қауіпсіздік ережесін сақтау.	
«Диалог және қолдау көрсету», «Тапсырма», «Жіктеу». Саралау тапсырмаларды іріктеуді, белгілі бір оқушыдан күтілетін нәтижені, оқушыға жеке қолдау көрсетуде, оқу материалы мен ресурстарды оқушылардың жеке қабілеттерін ескере отырып әзірлеуді қамтиды.		**«Отшашу» әдісі.**	Денсаулықты сақтау технологиялары. Сабақта сергіту жаттығулары мен белсенді жұмыс түрлерін қолданамын. Осы сабақта қолданылатын қауіпсіздік ережелерінің тармақтары орындалады.	

Жалпы бағалау

Сабақтың қандай екі аспектісі жақсы өтті? Оқыту және сабақ беру туралы не айтасыз?

1:

2:
Сабақты жақсартуға не жәрдемдесер еді? Оқыту және сабақ беру туралы не айтасыз? 1:
2:
Мен сабақ кезінде сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері, қиыншылықтары туралы нені анықтадым? Келесі сабақтарда неге назар аударуым керек?
1:
2:

14- сабақ. Мультфильм жасау

Бөлімі	**3-бөлім. «Сөзбе-сөз (ортақ тақырыптары: «Менің мектебім», «Менің туған жерім»)**
Педагогтің аты-жөні	
Күні	
Сыныбы	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	**Мультфильм жасау**
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	2.4.2.3 кейіпкерлер арасында мәтіндік диалог ұйымдастыру;
Сабақтың мақсаты:	***Барлық оқушы үшін:*** Мультфильмнің қалай жасалатынын және өзінің қай тақырыпта мультфильм жасағысы келетіні туралы әңгімелейді. ***Оқушылардың көбі үшін:*** Scratch-те мультфильм жасау жолдарын біледі. ***Кейбір оқушылар үшін:*** Scratch-те кейіпкерлер арасында мәтіндік диалог ұйымдастыруды үйренеді.

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/уақыты	**Педагогтің іс-әрекеті**	**Оқушының іс-әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
(Ұ) Ұйымдастыру кезеңі (1-7 мин.)	**Сәлемдесу, оқушыларды түгендеу.** **І. Қызығушылықты ояту: «Бұлт үстіндегі саяхат» ойыны** Нұсқау: көздеріңді жауып, ыңғайлы отырыңдар. Екі-үш рет терең дем алыңдар. Мен сендерді бұлт үстімен саяхаттауға шақырмақпын. Томпақ жастықтардан құралған жұмсақ тауға ұқсаған аппақ мамық бұлт үстіне секіріңдер. Аяқтарың, арқаларың, барлық денең осы үлкен бұлт жастыққа ыңғайлы орналасқанын сезініңдер. Саяхат басталады. Бұлт жайлап, көк аспанға көтеріледі. Самал жел беттеріңнен сипайды. Биік аспанда мүлгіген тыныштық орнаған. Бұлт сендерді өздеріңді бақытты сезінетін жерге жеткізеді. Бұл жерде сендер өздеріңді байсалды сезінесіңдер. Осы жерде ғажайып және таңқаларлық оқиға орын алуы мүмкін (30 секунд). Енді сендер тағы да бұлт үстіндесіңдер. Ол сендерді қайтадан сынып ішіне әкеле жатыр. Бұлттан түсіп, оған рақмет айтыңдар... Бұлт ақырындап ауада ыдырай бастайды. Қолдарыңды созып, көздеріңді ашыңдар. Сендер сергек, ширақ әрі зейіндісіңдер.			
Топтастыру	***Топтастыру. «Атомдар мен молекулалар» әдісі*** Молекулалар атомдардың жиынтығы екендігі баршаға мәлім. Оқушылар сыныптың бос жеріне жиналады. Ойынды жүргізуші «Атомдар!» деп дауыстағанда, олар бір-бірімен араласып, әрлі-берлі жүруі керек, өйткені олар қазір броундық қозғалыстағы атомдар іспетті. Ал жүргізуші «Молекулалар!» деп, бір санды атаса (мәселен, үш немесе төрт, бес, алты) оқушылар сол аталған сан құрамында топтарға жедел түрде бірігуі керек. Қалыс қалған оқушылар (топ құрамын аталған саннан кем құрғандар) айып ретінде бір тапсырма орындайды: өлең оқиды, ән айтады т.с.с. Ойынның нәтижесінде құралған топтар сол құрамда парталарға да отыруына болады. Олар сабақты осы құрамда жалғастырады. ***Сынып екі топқа бірігеді: 1-топ: «Атомдар», 2-топ: «Молекулалар».***			
(МК, Ұ) Ой қозғау. «Миға шабуыл» әдісі	Мұғалім төмендегі сұрақтарды оқушыларға қояды.	–Мультфильмнің қалай жасалатынын білесің бе?	Мұғалім белсенділік танытқан оқушыларды **«Фигуралар»**	

	Оқушылар ұжымдық үлгіде білгендері бойынша өз ойларын айтып, жауап береді.	–Scratch-те мультфильм жасау қиын ба? – Қай тақырыпта мультфильм жасағың келеді?	**әдісі** бойынша бағалайды. **Бес жұлдыз – Өте жақсы!** **Төртбұрыш – Жақсы!** **Үшбұрыш – Талпын!**	
Жаңа сабаққа дайындық	Жаңа сабаққа дайындық ретінде **«Сұрақ-жауап» әдісін** қолданып, талқылау жұмысын жүргізу. Қандай да болмасын ақпарат (мәлімет, проблема, сұрақ) туралы бар білгендерін жазбаша немесе ауызша ойын ортаға салады. Ұжымдық талқылауда оқушыға сұрақ қою, проблеманы зерттеу арқылы ой-өрісін дамытады, ойын еркін жеткізеді. Пікірлерінің еркін айтылуы, ешқандай сынға ұшырамауы керек, қағазға түсіруге де, ауызша талқылау жұмысын жүргізуге де болады. *Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, өзара ұжымдық талқылау жасағаннан кейін мұғалім интерактивті тақтадан **сабақтың тақырыбы, мақсаты, бағалау** критерийлерімен таныстырады.*			
Сабақтың ортасы (31 мин.)	**II. Мағынаны ашу** (білімді өзектендіру үшін). ***(МК, Т)*** ***Оқулықпен жұмыс.*** **«Тізбектей оқу» әдісі** Топта оқушылар оқулықта берілген жаңа білім айдарындағы мәтінді кезектесіп бірінен соң бірі тізбектей оқиды. Әрбір оқушы өзінің оқыған мәтіні бойынша топта өзара талқылау жасайды. Бір-біріне әрі мұғалімге сұрақтар қойып, өздерінің білімін толықтырады.	**Дескриптор** • Жаңа тақырыптың мәтінін оқып, танысады. • Топтар арасында талқылайды. • Бір-біріне сұрақтар қойып, түсінбеген жерлерін толықтырады.	Топтар бірін-бірі сабаққа қатысқан белсенділігіне қарай **«Фигуралар» әдісі** арқылы бағалайды.	Интерактивті тақта
Сергіту сәті. «Ән шырқау» жаттығуы	Оқушы топтарына ел арасында көп тараған, кеңінен таныс әндердің бір шумағы мен қайырмасы жазылған карточкалар таратылып беріледі. Оқушылардың әр тобы тез арада дайындалып, кезекпен карточкаларда келтірілген әндерді бірлесе орындауы керек. Оқушыларға Шәмші Қалдаяқов, Әсет Бейсеуов, Ескендір Хасанғалиев, Нұрғиса Тілендиев секілді танымал композиторлардың әндерін ұсынған орынды («Армандастар», «Атамекен», «Өз елім» т.б.). Бұл жаттығу оқушыларға психологиялық жағымды көтеріңкі көңіл күй сыйлайды.			Интерактивті тақта

	(*МК, Ө*) ***Практикалық жұмыс***	**Тапсырма:** *1.* WordPad-та мультфильмде айтылатын	Оқушылар өзін-өзі **«Фигуралар»**	Интерактивті тақта

	Оқулықта берілген практикалық тапсырманы мұғалімнің көмегімен орындайды.	мәтіндерді теріп аламыз. 2. Scratch-ке фон мен кейіпкерлерді енгіземіз (3-сурет). 3. Скриптер жазу алаңына баланың (4-сурет), Нұр-Сұлтан қаласының (5-сурет), Алматы қаласының (6-сурет) скриптісін құраймыз. 4. Спрайттардың айтқан сөздерін мәтіндік редактордан мұғалімнің көмегімен көшіріп қоямыз. 5. Спрайттар соқтығысқанда дыбыс ойнау үшін дыбысты жүктейміз. 6. Спрайттарды кез келген пернемен қозғалтуға болады. 7. Мультфильмнің көрсетілім сәті 7-суретте берілген. **Дескриптор** • Мұғалімнің көмегімен оқулықта берілген тапсырманы орындап үйренеді.	**әдісі** бойынша бағалайды.	
Сабақтың соңы (7 мин.) ***Сабақты бекіту. Рефлексия***	**III. Ой толғаныс. Рефлексия** ***(Ө) «Ара ұясы» техникасы*** Мұғалім жұптасқан оқушыларға өтілген сабақтан не білгендігі туралы пікір алмасуды әрі екі сұрақтан дайындауын тапсырады. Содан кейін әрбір жұп кезектесіп сұрақ қояды, ол сұраққа жауапты басқа оқушылар береді. Сонымен берілген осы техника негізінде мұғалімнің берген мәліметтері қорытындыланады. **Мақсаты:** оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады. **Тиімділігі:** тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды.		Мұғалім белсенділік танытқан оқушыларды **«Фигуралар» әдісі** арқылы бағалайды. **Бес жұлдыз – Өте жақсы**! **Төртбұрыш – Жақсы!** **Үшбұрыш – Талпын!**	Жұмыс дәптері
Саралау. Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз қабілетті оқушылардың алдына қандай тапсырмалар қоясыз?		Бағалау. Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?	Денсаулығын және қауіпсіздік ережелерін сақтау.	

«Диалог және қолдау көрсету», «Тапсырма», «Жіктеу».	**«Фигуралар» әдісі.**	Денсаулықты сақтау технологиялары.

Саралау тапсырмаларды іріктеуді, белгілі бір оқушыдан күтілетін нәтижені, оқушыға жеке қолдау көрсетуде, оқу материалы мен ресурстарды оқушылардың жеке қабілеттерін ескере отырып әзірлеуді қамтиды.		Сабақта сергіту жаттығулары мен белсенді жұмыс түрлерін қолданамын. Осы сабақта қолданылатын қауіпсіздік ережелерінің тармақтары орындалады.
Жалпы бағалау Сабақтың қандай екі аспектісі жақсы өтті? Оқыту және сабақ беру туралы не айтасыз? 1: 2: Сабақты жақсартуға не жәрдемдесер еді? Оқыту және сабақ беру туралы не айтасыз? 1: 2: Мен сабақ кезінде сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері, қиыншылықтары туралы нені анықтадым? Келесі сабақтарда неге назар аударуым керек? 1: 2:		

15- сабақ. Мультфильм жасау

Бөлімі	**III бөлім. «Сөзбе - сөз (ортақ тақырыптары: «Менің мектебім», «Менің туған жерім»)».**
Педагогтің аты-жөні	
Күні	
Сыныбы	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	**Мультфильм жасау**
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	2.4.2.3 кейіпкерлер арасында мәтіндік диалог ұйымдастыру;
Сабақтың мақсаты	***Барлық оқушы үшін:*** Мультфильмнің қалай жасалатынын, өзінің қай тақырыпта мультфильм жасағысы келетінін әңгімелейді. ***Оқушылардың көбі үшін:*** Scratch-те мультфильм жасау жолдарын біледі. ***Кейбір оқушылар үшін:*** Scratch-те кейіпкерлер арасында мәтіндік диалог ұйымдастыруды үйренеді.

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
(Ұ) Ұйымдастыру кезеңі (1-7 мин.)	**Сәлемдесу, оқушыларды түгендеу.** **І. Қызығушылықты ояту. «Әуенді өрімдер» ойыны** Саз өнері – қазақ халқының ерекше мән беріп дәріптейтін құнды қазынасы, ұлттың тілі мен ділінің айнасы. Ештеңеге қызықпайтын бала ән мен күйді естігенде елеңдеуі, қосыла айтуға құмартуы сөзсіз. Олай болса, сөзді сазды иіріммен айту, бір-бірімен әуендете өру – тамаша көмек көзі. Бірақ шәкірттеріміздің көптің алдына шыға алмайтын ұяңдығы, «әнді нақышына келтіріп орындай алмаймын» деп тартынатыны да ақиқат. Сонымен қатар біз тілінің мүкісі бар немесе ойын жеткізе алмайтын, үндемегенді жөн көріп, тартынып отыратын баланың әнді тебірене орындайтын сәттерін де сан рет байқадық. Әр сөздің мағынасын әуен арқылы тербей, жүрегімен сезінген шәкіртіміздің басқа қырынан танып, тәнті боламыз. Бұл сабақты қазақтың әсем әуенімен бастағанды жөн деп білемін. Ол үшін интерактиві тақтадан барлық оқушы бірге орындайтын әсем әуенді таңдап қосып қою керек. /Бұл сабақтың музыкамен тығыз байланысты болуы баланың жан-жақты ашылуына әдемі мүмкіндік береді./			
(МК, Ұ) Ой қозғау. «Миға шабуыл» әдісі	**«Бір қадам алға...» әдісі**	–Мультфильмнің қалай жасалатынын еске түсірейік.	Мұғалім белсенділік танытқан	

	Мұғалім есіктен кіргеннен өткен материалдарға байланысты сұрақтар қояды. Жауап дұрыс болса, бір қадам алға жылжиды, қате болса, бір қадам артқа шегінеді. Мұғалім үстеліне жеткенше, бірнеше сұрақ қою арқылы оқушылардың зейінін сабаққа шоғырландырып алады.	–Өткен сабақта Scratch-те мультфильм жасау кезінде сендерге қиындық туғызды ма? ✔ – Бүгін қай тақырыпта мультфильм жасағың келеді?	оқушыларды **«Жұлдызша» әдісі** бойынша бағалайды.	
Жаңа сабаққа дайындық	Жаңа сабаққа дайындық ретінде «**Сұрақ-жауап» әдісін** қолданып, талқылау жұмысын жүргізу. Қандай да болмасын ақпарат (мәлімет, проблема, сұрақ) туралы бар білгендерін жазбаша немесе ауызша жеткізеді. Ұжымдық талқылауда оқушыға сұрақ қою, проблеманы зерттеу арқылы ой-өрісін дамытады, ойын еркін жеткізеді. Пікірлерін еркін айтып, ешқандай сынға ұшырамауы керек. Қағазға түсіруге де, ауызша талқылау жұмысын жүргізуге де болады. *Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, өзара ұжымдық талқылау жасағаннан кейін, мұғалім интерактивті тақтадан **сабақтың тақырыбымен, мақсаты және бағалау критерийлерімен** таныстырады.*			
Сабақтың ортасы (31 мин.)	**II. Мағынаны ашу (**білімді өзектендіру үшін). **(Т) 1-тапсырма.** «Туған жерге саяхат» мультфильм жобасының скриптісін талдаңдар. –Саяхат жасауға тағы бір қала қосу үшін, жобаға қандай өзгеріс жасау керек?	**Дескриптор** •Топпен бірлесіп, жоба скриптін талдайды. •Саяхат жасауға тағы бір қала қосу үшін, жобаға өзгеріс жасайды.	Оқушылар бірін-бірі **«Жұлдызша» әдісі** бойынша бағалайды.	Интерактивті тақта
	(Ж) 2-тапсырма. Жаңа мультфильм жасауды жоспарлау үшін, төмендегі сұрақтарға жауап бер: 1. Қай тақырыпта мультфильм жасайсың? 2. Мультфильмнің кейіпкерлері кімдер болады? 3. Мультфильм қандай оқиғалардан тұрады?	**Дескриптор** • Қай тақырыпта мультфильм жасайтынын айтады. • Мультфильмнің кейіпкерлері кімдер болатынын анықтайды. • Мультфильм қандай оқиғалардан тұратынын жоспарлайды.	Жұптағы оқушылар бір-бірін тапсырма орындау деңгейіне байланысты **«Жұлдызша» әдісі** бойынша бағалайды.	Интерактивті тақта
	(Ө) 3-тапсырма. 1. Төменде берілген командалар қай командалық блоктарға жатады?	**Дескриптор** • Тапсырмада берілген командалар қай командалық блоктарға жататынын анықтайды.	Оқушылар өзін-өзі **«Жұлдызша» әдісі** бойынша бағалайды.	Интерактивті тақта

	2. Мультфильм жасауда бұл блоктардың қызметі қандай?	• Мультфильм жасауда бұл блоктардың атқаратын қызметін айтады.		
Сабақтың соңы (7 мин.) ***Сабақты бекіту. Рефлексия***	**III. Ой толғаныс. Рефлексия** **(Ө) «Бір ауыз сөз» әдісі** Оқушылар стикерлерге сабақ туралы бір ғана сөз жазып, оны тақтаға жапсырады. Өз ойларын түсіндіріп береді. Стикерлерге сабақты бағалайтын **ұнады, пайдалы, қажет, білдім, үйрендім, қызықтым, ұмтылдым, есте сақтадым** деген сияқты сөздерді алдын ала жазуға болады. **Мақсаты:** оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады. **Тиімділігі:** тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды; жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды.		Мұғалім белсенділік танытқан оқушыларды **«Жұлдызша» әдісі** бойынша бағалайды. Соңғы бағалау бойынша оқушылар өздерінің жинаған жұлдызшаларын санау арқылы бүгінгі сабақтағы алған бағаларын біледі. **Бес жұлдызша –** **Өте жақсы!** **Төрт жұлдызша –** **Жақсы!** **Үш жұлдызша –** **Талпын!**	
Саралау. Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз қабілетті оқушылардың алдына қандай тапсырмалар қоясыз?		Бағалау. Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?	Денсаулығын және қауіпсіздік ережесін сақтау.	
«Диалог және қолдау көрсету», «Тапсырма», «Жіктеу». Саралау тапсырмаларды іріктеуді, белгілі бір оқушыдан күтілетін нәтижені, оқушыға жеке қолдау көрсетуде, оқу материалы мен ресурстарды оқушылардың жеке қабілеттерін ескере отырып әзірлеуді қамтиды.		**«Жұлдызша» әдісі.**	Денсаулықты сақтау технологиялары. Сабақта сергіту жаттығулары мен белсенді жұмыс түрлерін қолданамын. Осы сабақта қолданылатын қауіпсіздік ережелерінің тармақтары орындалады.	
Жалпы бағалау Сабақтың қандай екі аспектісі жақсы өтті? Оқыту және сабақ беру туралы не айтасыз? 1: 2: Сабақты жақсартуға не жәрдемдесер еді? Оқыту және сабақ беру туралы не айтасыз? 1: 2: Мен сабақ кезінде сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері, қиыншылықтары туралы нені анықтадым? Келесі сабақтарда неге назар аудару керек? 1: 2:				

16- сабақ. Зерттеу және шығармашылық тапсырмалар


Бөлімі	**III бөлім. «Сөзбе - сөз (ортақ тақырыптары: «Менің мектебім», «Менің туған жерім»)**
Педагогтің аты-жөні	
Күні	
Сыныбы	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	**Зерттеу және шығармашылық тапсырмалар**
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	2.4.2.3 кейіпкерлер арасында мәтіндік диалог ұйымдастыру;

Сабақтың мақсаты	***Барлық оқушы үшін:*** Мультфильмнің қалай жасалатынын, өзінің қай тақырыпта мультфильм жасағысы келетінін әңгімелейді.

	<u>Оқушылардың көбі үшін:</u> Scratch-те мультфильм жасау жолдарын біледі. ***<u>Кейбір оқушылар үшін:</u>*** Scratch-те кейіпкерлер арасында мәтіндік диалог ұйымдастыруды үйренеді.

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
(Ұ) Ұйымдастыру кезеңі (1-7 мин.)	**Сәлемдесу, оқушыларды түгендеу.** **І. Қызығушылықты ояту** **«Жаңалық ашамыз» ойыны** Заттардың негізгі қасиеттерімен қоса қосалқы қасиеттерін ашу үшін тапсырма беріледі. Бұл кәдімгі жеңіл ойдан арылу, айналаға сын көзбен қарау, жаңалық ашуға ұмтылу үшін керек. Мысалы, «Сіріңке жанып, жарық беріп қана қоймайды, бір жағынан салмағы мен ұзындығын жоғалтады; су – сұйық зат, бірақ оны қатырған кезде құрылыс материалы ретінде қолдануға болады (мұз қала салу) т.с.с. Оқушыларға қарапайым заттардың өзгеше қасиеттерін ашу тапсырылады. Мысалы, полиэтиленді қақпақ, қаламсаптың пайдаланылған өзекшесі, шеге, балмұздақ т.с.с. Бұл тапсырма талантты және дарынды балалардың қабілетін жан-жақты ашуға көмектеседі. Сонымен қатар оқушыларға психологиялық тұрғыдан жағымды әсер сыйлайды.			
(МК, Ұ) Ой қозғау. «Миға шабуыл» әдісі	**«Бір қадам алға...» әдісі** Мұғалім есіктен кіргеннен өткен материалдарға байланысты сұрақтар қояды. Жауап дұрыс болса, бір қадам алға жылжиды, қате болса, бір қадам артқа шегінеді. Мұғалім үстеліне жеткенше, бірнеше сұрақ қою арқылы оқушылардың зейінін сабаққа шоғырландырып алады.	–Мультфильмнің қалай жасалатынын еске түсірейік. –Өткен сабақта Scratch-те мультфильм жасау кезінде сендерге қиындық туғызды ма? –Бүгін қай тақырыпта мультфильм жасағың келеді?	Мұғалім белсенділік танытқан оқушыларды **«Жұлдызша» әдісі** бойынша бағалайды.	
Сабақтың ортасы (31 мин.)	**ІІ. Мағынаны ашу** (білімді өзектендіру үшін). **1-тапсырма.** Спортшының жүгіру кезеңін сипаттайтын анимациялық (қозғалыс) көріністері берілген. Суреттерді боя. Суреттегі әр қозғалыстың сұлбасын қоршау ішіне қайталап сал.	Берілген тапсырманы орындайды.   **Дескриптор:** •Суреттерді бояйды. • Суреттегі әр қозғалыстың сұлбасын қоршау ішіне қайталап салады.	Оқушыларды ынталандыру мақсатында сабаққа қатысу белсенділігіне қарай қалыптастырушы бағалау жүргізеді.	Жұмыс дәптері, оқулық.

	2-тапсырма. Мультфильмнің екі көрінісі берілген. Ұқсас суреттердегі айырмашылықтардың санын анықта.	Берілген тапсырманы орындайды.  **Дескриптор:**	Оқушыларды ынталандыру мақсатында сабаққа қатысу белсенділігіне қарай қалыптастырушы бағалау жүргізеді.	Жұмыс дәптері , оқулық.

		• Ұқсас суреттердегі айырмашылықтардың санын анықтайды.		
	3-тапсырма. «Келбет» блогындағы командалардың қызметін жаз.	Берілген тапсырманы орындайды.  **Дескриптор:** • «Келбет» блогындағы командалардың қызметін дұрыс жазады.	Оқушыларды ынталандыру мақсатында сабаққа қатысу белсенділігіне қарай қалыптастырушы бағалау жүргізеді.	Жұмыс дәптері , оқулық.
Сабақтың соңы (1-7 мин.) ***Сабақты бекіту. Рефлексия***	**III. Ой толғаныс. Рефлексия** **Жеке жұмыс. «Аяқталмаған сөйлем» әдісі** «Мұғалімге жеделхат» тақтасына оқушылар стикер жапсыру арқылы орындалады. Оқушылар өздеріне жақын сөйлемді таңдап, айтылған ойды жалғастырады: –Бүгінгі сабақта мен ... түсіндім, ... білдім, ... көзімді жеткіздім. –Бүгінгі сабақта қуантқаны ... . – Мен өзімді үшін мақтар едім. – Маған ерекше ұнағаны ... . –Сабақтан соң маған келді. – Бүгін маған сәті түсті. – Қызықты болғаны ... . – ... қиындық тудырды. – Менің түсінгенім ... . – Енді мен аламын.		**Қалыптастырушы бағалау** Мұғалім оқушылардың сабаққа қатысқан белсенділігіне қарай **«Қошеметтеу» әдісі** арқылы бағалайды. **Мақсаты:** оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады. **Тиімділігі:** тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды; жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды.	
Саралау. Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз қабілетті оқушылардың алдына қандай тапсырмалар қоясыз?		Бағалау. Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?	Денсаулығын және қауіпсіздік ережесін сақтау.	
«Диалог және қолдау көрсету», «Тапсырма», «Жіктеу». Саралау тапсырмаларды іріктеуді, белгілі бір оқушыдан күтілетін нәтижені, оқушыға жеке қолдау көрсетуде, оқу материалы мен ресурстарды оқушылардың жеке қабілеттерін ескере отырып әзірлеуді қамтиды.		Қалыптастырушы бағалау.	Денсаулықты сақтау технологиялары. Сабақта сергіту жаттығулары мен белсенді жұмыс түрлерін қолданамын. Осы сабақта қолданылатын қауіпсіздік ережелерінің тармақтары орындалады.	
Жалпы бағалау Сабақтың қандай екі аспектісі жақсы өтті? Оқыту және сабақ беру туралы не айтасыз? 1: 2: Сабақты жақсартуға не жәрдемдесер еді? Оқыту және сабақ беру туралы не айтасыз? 1: 2: Мен сабақ кезінде сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері, қиыншылықтары туралы нені анықтадым? Келесі сабақтарда неге назар аударуым керек? 1: 2:				

17- сабақ. Айналамыздағы дыбыстар

Бөлімі	**IV бөлім. Мультимедиа (ортақ тақырыбы: «Дені саудың жаны сау»)**
Педагогтің аты-жөні	
Күні	
Сыныбы	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	**Айналамыздағы дыбыстар**
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	2.1.1.1 енгізу-шығару құрылғыларын ажырату;
Сабақтың мақсаты	***Барлық оқушы үшін:*** Дыбыстар туралы әңгімелейді. ***Оқушылардың көбі үшін:*** Дыбыс пен оның түрлерін ажыратады. ***Кейбір оқушылар үшін:*** Компьютерде дыбыс тыңдау мен жазу құрылғыларымен танысады.

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
(Ұ) Ұйымдастыру кезеңі (1-7 мин.)	**Сәлемдесу, оқушыларды түгендеу.** **І. Қызығушылықты ояту. «Жаңалық ашамыз» ойыны** Заттардың негізгі қасиеттерімен қоса қосалқы қасиеттерін ашу үшін тапсырма беріледі. Бұл айналаға сын көзбен қарау, жаңалық ашуға ұмтылу үшін керек. Мысалы, «Сіріңке жанып, жарық беріп қана қоймайды, бір жағынан салмағы мен ұзындығын жоғалтады; су – сұйық зат, бірақ оны қатырып, құрылыс материалы ретінде пайдалануға болады (мұз қала салу) т.с.с. Оқушыларға қарапайым заттардың өзгеше қасиеттерін ашу тапсырылады. Мысалы, полиэтиленді қақпақ, қаламсаптың пайдаланылған өзекшесі, шеге, балмұздақ т.с.с. Бұл тапсырма талантты әрі дарынды балалардың қабілетін ашуға көмектеседі.			
Топтастыру	***Топтастыру. «Фигуралар» әдісі*** Оқушыларды топтарға біріктіруді ұйымдастыру. Фигуралар көмегімен оқушыларды 3 топқа біріктіру. І «**Үшбұрыштар» тобы.** **ІІ «Дөңгелектер» тобы.** **ІІІ «Төртбұрыштар» тобы**.			
(МК, Ұ) Ой қозғау. «Миға шабуыл» әдісі	Мұғалім өткен сабақ пен жаңа сабақты ұштастыру мақсатында оқушыларға сұрақтар қояды. Оқушылар ұжымдық үлгіде жалпылама жауап береді. Егер сұраққа дұрыс жауап берілмесе, мұғалім өзі бағыттап, дұрыс жауабын табуға көмектеседі.	–Қандай дыбыс түрлерін білесің? –Қоршаған ортадан қандай дыбыстарды қабылдайсың? (1-сурет) –Дыбыстардың адам денсаулығына қандай әсері бар? –Дыбысты компьютерден қалай тыңдайсың? (2-сурет) –Компьютерге дейін дыбыстар қалай сақталған? –Адам дыбыстарды қалай тасымалдаған? (ертеде/қазір) ✔ Ұнататын ән-күйіңді қалай	Мұғалім белсенділік танытқан оқушыларды **«Бас бармақ» әдісі** бойынша бағалайды.	

		тыңдайсың?		

Жаңа сабаққа дайындық	Жаңа сабаққа дайындық ретінде **«Сұрақ-жауап» әдісін** қолданып, талқылау жұмысын жүргізу. Қандай да болмасын ақпарат (мәлімет, проблема, сұрақ) туралы бар білгендерін жазбаша немесе ауызша жеткізеді. Ұжымдық талқылауда оқушыға сұрақ қою, проблеманы зерттеу арқылы ой-өрісін дамытады, ойын еркін жеткізеді. Пікірлерін еркін айтып, ешқандай сынға ұшырамауы керек. Қағазға түсіруге де, ауызша талқылау жұмысын жүргізуге де болады. *Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, өзара ұжымдық талқылау жасағаннан кейін, мұғалім интерактивті тақтадан* ***сабақтың тақырыбы, мақсаты, бағалау критерийлерімен таныстырады.***			
Сабақтың ортасы (31 мин.)	**II. Мағынаны ашу** (білімді өзектендіру үшін). ***(Ұ) Оқулықпен жұмыс. «Түртіп алу» әдісі*** Оқулықта берілген термин сөздер мен негізгі ұғымдармен танысады. Мысалы, дыбыс, дыбыс көзі, дыбыс картасы, құлаққап, дыбыстық колонкалар мен динамиктер.			Интерактивті тақта
	(МК, Ө) Практикалық жұмыс **Дыбыс ойнатқыштың** программасын іске қос. Төмендегі командаларды орында: 1. **Файл => Ашу (**Открыть**)** командасын орында. **Табиғи және жасанды дыбыс.mp4** файлын ашып, оны тыңда. 2. Қоршаған ортадағы дыбыстарды тыңдағанда қандай әсер аласың? Алған әсерің туралы әңгімеле. 3. **Дыбыс ойнатқыш** программасының батырмаларының қызметін тексер (4-сурет).			Интерактивті тақта
	(Т) «ВЕНН диаграммасы» әдісі. Жұмыс дәптеріне айқасқан қос шеңбер сызып, шеңбердің оң жағына пайдалы мысал, ал сол жағына зиянды мысал жазады. Ал ортасына ортақ тұжырым жазады.	**1- тапсырма.** Оқулықтағы суретке назар аударады. Дыбыстардың адам денсаулығына зияны бар ма? Пайдалы және зиянды дыбыстарға мысал келтіріңдер. **Дескриптор:** • Тапсырмаға топтық талқылау жасайды. • Дыбыстардың пайдалы жағына мысал келіреді. • Дыбыстардың зиянды жағына мысал келтіреді.	Оқушылар бірін-бірі **«Басбармақ» әдісі** бойынша бағалайды.	Интерактивті тақта
	(Ж) «Кластерлер» әдісі **2- тапсырма** Компьютер мен ұялы телефонда дыбыс тыңдаудың ережесін құрастыр.	**Дескриптор:** • Жұбымен ақылдасып, тапсырманы талқылайды. • Компьютерде дыбыс тыңдау ережесін бірлесіп құрастырады.	Жұптағы оқушылар бірін-бірі тапсырма орындау деңгейіне байланысты **«Басбармақ» әдісі** бойынша бағалайды.	Интерактивті тақта

	(Ө) «Еркін микрофон» әдісі Оқушылар өзіндік ой тұжырымдайды. 3-тапсырма бойынша қоршаған ортадан қандай дыбыстар қабылдайтынын жіктеп өз ойын айтады.	**3-тапсырма** Біз қоршаған ортадан қандай дыбыстарды қабылдаймыз? Қабылдайтын дыбыстарды жіктеп айт. **Дескриптор** • Қоршаған ортадан қандай дыбыстарды қабылдайтынын анықтайды.	Оқушылар өзін-өзі **«Басбармақ» әдісі** бойынша бағалайды.	

		• Қабылдайтын дыбыстарды жіктеп, айтады.		
Сабақтың соңы (1-7 мин.) ***Сабақты бекіту. Рефлексия***	**III. Ой толғаныс. Рефлексия** ***(Ө) «Бір ауыз сөз» әдісі*** Оқушылар стикерлерге сабақ туралы бір ғана сөз жазып, оны тақтаға жапсырады. Өз ойларын түсіндіріп береді. Стикерлерге сабақты бағалайтын келесі сөздерді жазуға болады (оларды алдын ала тақтаға жазып қойған дұрыс): ұнады, пайдалы, қажет, білдім, үйрендім, қызықтым, ұмтылдым, есте сақтадым т.б. *Мақсаты:* оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады. *Тиімділігі:* тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды; жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды.		Мұғалім белсенділік танытқан оқушыларды **«Бас бармақ» әдісі** бойынша бағалайды.	
Саралау. Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз қабілетті оқушылардың алдына қандай тапсырмалар қоясыз?		Бағалау. Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?	Денсаулығын және қауіпсіздік ережелерін сақтау.	
«Диалог және қолдау көрсету», «Тапсырма», «Жіктеу». Саралау тапсырмаларды іріктеуді, белгілі бір оқушыдан күтілетін нәтижені, оқушыға жеке қолдау көрсетуде, оқу материалы мен ресурстарды оқушылардың жеке қабілеттерін ескере отырып әзірлеуді қамтиды.		**«Басбармақ» әдісі.**	Денсаулықты сақтау технологиялары. Сабақта сергіту жаттығулары мен белсенді жұмыс түрлерін қолданамын. Осы сабақта қолданылатын қауіпсіздік ережелерінің тармақтары орындалады.	
Жалпы бағалау Сабақтың қандай екі аспектісі жақсы өтті? Оқыту және сабақ беру туралы не айтасыз? 1: 2: Сабақты жақсартуға не жәрдемдесер еді? Оқыту және сабақ беру туралы не айтасыз? 1: 2: Мен сабақ кезінде сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері, қиыншылықтары туралы нені анықтадым? Келесі сабақтарда неге назар аударуым керек? 1: 2:				

18- сабақ. Дыбыстық әсерлер

Бөлімі	**IV бөлім. Мультимедиа (ортақ тақырып: «Дені саудың жаны сау»)**
Педагогтің аты-жөні	
Күні	
Сыныбы	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	**Дыбыстық әсерлер**
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	2.2.4.2 дыбыстық файлдарды өңдеу;

Сабақтың мақсаты	***<u>Барлық оқушы үшін:</u>*** Дыбыстық әсерлермен танысады. Дыбыстың адамға жағымды және жағымсыз әсері туралы әңгімелейді.

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
(Ұ) Ұйымдастыру кезеңі (1-7 мин.)	**Сәлемдесу, оқушыларды түгендеу.** **I. Қызығушылықты ояту** **«Айдаһар» ойыны** Оқушыларды сергітіп алу үшін, мұғалім бәрінің бір-бірінің белінен ұстап тұруын сұрайды. Бірінші тұрған оқушы «айдаһардың басы», ең соңындағы оқушы «айдаһардың құйрығы». «Айдаһардың басы» өз «құйрығын» ұстап алуы керек. /Бұл ойынды ойнату арқылы сыныпта психологиялық жағымды көңіл күй орнығады. Оқушылар сабаққа көтеріңкі көңіл күймен белсене қатысуына септігін тигізеді/.			
(МК, Ұ) Ой қозғау. «Миға шабуыл» әдісі	Мұғалім өткен сабақ пен жаңа сабақты ұштастыру мақсатында оқушыларға сұрақтар қояды. Оқушылар ұжымдық үлгіде жалпылама жауап береді. Егер сұраққа жауап дұрыс айтылмаса, мұғалім дұрыс жауапқа бағыттап, дұрыс жауабын табуға көмектеседі.	–Дыбыстың адамға жағымды және жағымсыз әсері жайлы не білдің?	Мұғалім белсенділік танытқан оқушыларды **«Қошеметтеу» әдісі** бойынша бағалайды.	
Жаңа сабаққа дайындық	Жаңа сабаққа дайындық ретінде **«Сұрақ-жауап» әдісін** қолданып, талқылау жұмысын жүргізу. Қандай да болмасын ақпарат (мәлімет, проблема, сұрақ) туралы бар білгендерін жазбаша немесе ауызша жеткізеді. Ұжымдық талқылауда оқушыға сұрақ қою, проблеманы зерттеу арқылы ой-өрісін дамытады, ойын еркін жеткізеді. Пікірлерін еркін айтып, ешқандай сынға ұшырамауы керек, қағазға түсіруге де, ауызша талқылау жұмысын жүргізуге де болады. *Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, өзара ұжымдық талқылау жасағаннан кейін мұғалім интерактивті тақтадан* ***сабақтың тақырыбы, мақсаты, бағалау критерийлерімен таныстырады.***			
Сабақтың ортасы (31 мин.)	**II. Мағынаны ашу** (білімді өзектендіру үшін). ***(Ұ) Оқулықпен жұмыс істеу. «Түртіп алу» әдісі*** Оқулықта жаңа білім айдарындағы ақпаратты оқып, берілген термин сөздер мен негізгі ұғымдармен танысады. Оқыған мәтінді, ұжымдық үлгіде өзара талқылайды. Бір-біріне, мұғалімге сұрақтарын қойып, өз білімдерін жаңа ақпаратпен толықтырады.			Интерактивті тақта
	(МК, Ө) Практикалық жұмыс **1.** Интернеттен табиғи және жасанды дыбыстық әсерлерді компьютерге **«Дыбыс әсерлері»** бумасына көшіріп, сақта. **2.** Компьютерден **«Windows Media Playe»** программасын іске қос. **3.** **Файл – Ашу** (Открыть**)** командаларын орындап, дыбыс сақталған буманы аш. **4.** Тыңдағың келетін дыбыстық файлды, мысалы, **«Бұлбұл дауысы.mp3»** тінтуірдің көмегімен аш. **5.** **«Windows Media Playe»** программасының көмегімен бумаға сақталған дыбыстық әсерлерді тыңда.			Интерактивті тақта

	(Т) «Ойлан, топтас, бөліс» әдісі **1-тапсырма.** Шудың адамға қандай жағымсыз әсері бар? «Мектептегі шу деңгейін қалай азайтуға болады?» тақырыбында ойларыңды ортаға салыңдар.	**Дескриптор:** • Шудың адамға жағымсыз әсерлері туралы айтады. • Мектептегі шу деңгейін қалай азайтуға болатыны туралы ойларын ортаға салып, ұсыныстарын айтады.	Оқушылар бірін-бірі **«Қошеметтеу» әдісі** бойынша бағалайды.	Интерактивті тақта

	Ұсыныстарыңды айтыңдар.			
	(Ж) «Көршіңмен талқыла» әдісі **2- тапсырма.** Құлаққаппен жиі ән тыңдаған адамның есту қабілеті төмендейді. Оқулықта берілген суреттер арасындағы қауіпсіздігі төмен құлаққапты көрсетіңдер. Себебін түсіндіріңдер.	**Дескриптор** • Жұбымен ақылдасып, тапсырманы талқылайды. • Суретте берілгендердің ішінен ең қауіпсіз құлаққапты таңдайды. • Қауіпсіз екендігін дәлелдеп, себебін түсіндіреді.	Жұптағы оқушылар бір-бірін тапсырма орындау деңгейіне байланысты **«Қошеметтеу» әдісі** бойынша бағалайды.	Интерактивті тақта
	(Ө) «Бір сөйлеммен түйіндеу» әдісі Оқушылар «Ойлан» рубрикасымен берілген тапсырма бойынша білімдерін түйіндейтін бір сөйлем жазады. Сөйлемдер кім, не, қашан, неліктен, қалай, қай жерде т.б. сұраулы сөздерден тұруы мүмкін. Содан кейін сөйлемдерді сыныптастар бағалай алады немесе көшіріп жазады т.б. Оқулықтағы табиғи және жасанды дыбыс көздерін анықтайды. Бұл дыбыс көздерінен қандай дыбыстық әсерлер аламыз? (жағымды, жағымсыз) Себебін түсіндіреді.	**Дескриптор** • Табиғи және жасанды дыбыс көздерін анықтайды. • Бұл дыбыс көздерінен қандай дыбыстық әсерлер алатынын айтады. • Неліктен жағымды немесе жағымсыз екендігін түсіндіреді.	Оқушылар өзін-өзі **«Қошеметтеу» әдісі** бойынша бағалайды.	

Сабақтың соңы (7 мин.) ***Сабақты бекіту. Рефлексия***	**III. Ой толғаныс. Рефлексия** ***(Ө) «Аяқталмаған сөйлем» әдісі*** «Мұғалімге жеделхат» тақтасына оқушылар стикер жапсыру арқылы орындалады. Оқушылар өздеріне жақын сөйлемді таңдап, айтылған ойды жалғастырады:	–Бүгінгі сабақта мен ... түсіндім, ... білдім, ... көзімді жеткіздім. –Бүгін сабақта қуантқаны ... – Мен өзімді ... үшін мақтар едім. – Маған ерекше ұнағаны ... – Сабақтан соң маған ... келді. – Бүгін маған ... сәті түсті. – Қызықты болғаны ... –... қиындық тудырды. – Менің түсінгенім ... – Енді мен ... аламын.	Мұғалім белсенділік танытқан оқушыларды **«Қошеметтеу» әдісі** бойынша бағалайды. **Мақсаты:** оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады. **Тиімділігі:** тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды; жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды.	

Саралау. Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз қабілетті оқушылардың алдына қандай тапсырмалар қоясыз?	Бағалау. Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?	Денсаулығын және қауіпсіздік ережесін сақтау.
«Диалог және қолдау көрсету», «Тапсырма», «Жіктеу». Саралау тапсырмаларды іріктеуді, белгілі бір оқушыдан күтілетін нәтижені, оқушыға жеке қолдау көрсетуде, оқу материалы мен ресурстарды оқушылардың жеке қабілеттерін ескере отырып әзірлеуді қамтиды.	**«Қошеметтеу» әдісі.**	Денсаулықты сақтау технологиялары. Сабақта сергіту жаттығулары мен белсенді жұмыс түрлерін қолданамын. Осы сабақта қолданылатын қауіпсіздік ережелерінің тармақтары орындалады.

Жалпы бағалау

Сабақтың қандай екі аспектісі жақсы өтті? Оқыту және сабақ беру туралы не айтасыз?
1:
2:
Сабақты жақсартуға не жәрдемдесер еді? Оқыту және сабақ беру туралы не айтасыз?
1:
2:
Мен сабақ кезінде сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері, қиыншылықтары туралы нені анықтадым? Келесі сабақтарда неге назар аударуым керек?
1:
2:

19- сабақ. Дыбыс жазу

Бөлімі	**IV бөлім. Мультимедиа (ортақ тақырыбы: «Дені саудың жаны сау»)**
Педагогтің аты-жөні	
Күні	
Сыныбы	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	**Дыбыс жазу**
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	2.2.4.1 дыбысты жазу мен ойнату үшін программаларды пайдалану;
Сабақтың мақсаты	***Барлық оқушы:*** Компьютерде дыбыс жазбаларын жазу программаларымен танысады.

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
(Ұ) Ұйымдастыру кезеңі (1-7 мин.)	**Сәлемдесу, оқушыларды түгендеу.** **І. Қызығушылықты ояту. «Арқаға сурет салу» ойыны** Бұл ойында барлық әрекетті үнсіз орындау керек. Оқушылар екі топқа бөлініп, бірінің артынан екіншісі тұрып, сап түзейді. Мұғалім ең артында тұрған оқушыларға бір заттың атауы жазылған қағаз ұсынады (мәселен, алма, алмұрт, жүзім, гүл, кітап, ағаш, автомәшине т.б.). *Тапсырма:* соңында тұрған оқушы үндемей, алдында тұрған оқушының арқасына әлгі заттың суретін саусағымен салады. Арқасына сурет салынған оқушы алдында тұрғанның арқасына өзінің арқасына салынған заттың суретін салады. Суреттер салынып біткеннен кейін, мұғалім соңғы оқушыдан арқасына салынған заттың атын сұрап, оны қағазда жазылғанмен салыстырады. /Бұл ойынды ойнату арқылы сыныпта психологиялық жағымды көңіл күй орнығады. Оқушылар сабаққа көтеріңкі көңіл күймен белсене қатысуына септігін тигізеді/.			

(МК, Ұ) Ой қозғау. «Миға шабуыл» әдісі	Мұғалім өткен сабақ пен жаңа сабақты ұштастыру	– Қандай тақырыптағы әуендерді тыңдауды ұнатасың?	Мұғалім белсенділік танытқан	

	мақсатында оқушыларға сұрақтар қояды. Оқушылар ұжымдық үлгіде жалпылама жауап береді. Егер сұраққа жауап дұрыс айтылмаса, мұғалім дұрыс жауапқа бағыттап дұрыс жауабын табуға көмектеседі.	– Дыбыстық құрылғыларды даму кезеңіне қарай әңгімеле (1-сурет). – Дыбыс жазбасын қандай құрылғылар көмегімен тыңдап, сақтайсың? (2-сурет)	оқушыларды **«Отшашу» әдісі** бойынша бағалайды.	
Жаңа сабаққа дайындық	Жаңа сабаққа дайындық ретінде **«Сұрақ-жауап» әдісін** қолданып, талқылау жұмысын жүргізу. Қандай да болмасын ақпарат (мәлімет, проблема, сұрақ) туралы бар білгендерін жазбаша немесе ауызша жеткізеді. Ұжымдық талқылауда оқушыға сұрақ қою, проблеманы зерттеу арқылы ой-өрісін дамытады, ойын еркін жеткізеді. Пікірлерін еркін айтып, ешқандай сынға ұшырамауы керек. Қағазға түсіруге де, ауызша талқылау жұмысын жүргізуге де болады. *Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, өзара ұжымдық талқылау жасағаннан кейін, мұғалім интерактивті тақтадан **сабақтың тақырыбы, мақсаты, бағалау критерийлерімен таныстырады.***			
Сабақтың ортасы (31 мин.)	**II. Мағынаны ашу** *(білімді өзектендіру үшін).* ***(Ұ) Оқулықпен жұмыс. «Түртіп алу» әдісі*** Оқулықтағы «Жаңа білім» айдарындағы ақпаратты оқып, берілген термин сөздер мен негізгі ұғымдармен танысады.			Интерактивті тақта
	(МК, Ө) Практикалық жұмыс Компьютерде **WaveRad** программасын іске қос. Келесі командаларды ретімен орында: 1. **Жазу** батырмасын бас. 2. Микрофонға «Мен 2-сыныпта оқимын. «Цифрлық сауаттылық» пәні маған ұнайды» деген сөйлемді оқы. 3. **Stop (Тоқтату)** батырмасын басып, дыбыс жазуды тоқтат. 4. Дыбыстық жазбаны файлға **Дыбыс.wav** атауымен сақта. Ол үшін **Файл – Қалай сақтаймыз** (Сохранить как...) командаларын орында.			Интерактивті тақта

	(Т) «Бірлескен жұмыс дағдысын қалыптастыру» әдісі Сыныптастарды бағалау оқушылардан бірлесе жұмыс істеуді талап етеді. Әрине, ОҮБ-нің өзі бірлескен жұмысты білдіреді, сондықтан бірлескен жұмыс дағдысын айқын және анық қалыптастыру қажет. Ол үшін топпен бірлесе төмендегі тапсырманы орындау тапсырылады.	**1- тапсырма.** Денсаулық туралы 3 мақал таңдаңдар. Осы мақалдарды оқытып, олардың дыбыстық жазба файлдарын сақтау алгоритмін жасаңдар. **Дескриптор:** • Денсаулық жайлы 3 мақал таңдайды. • Осы мақалдарды оқытып, олардың дыбыстық жазба файлдарын сақтау алгоритмін жасайды.	Оқушылар бірін-бірі **«Отшашу» әдісі** бойынша бағалайды.	Интерактивті тақта
	(Ж) «Суреттер сөйлейді» әдісі	**Дескриптор**	Жұптағы оқушылар бір-	

	Интерактивті тақтадан төрт түрлі сурет көрсетіледі. Оқушылар суретке қарап жұмыс жасайды. **2-тапсырма** *Суретпен жұмыс.* Заманауи цифрлық құрылғыларды пайдаланып, көпшілік ортада ән тыңдаудың ережесі мен гигиеналық талаптарын құрастырыңдар.	• Жұптасып тапсырманы талқылайды. • Өз ойларын бір-біріне айтады. • Берілген суреттерден әңгіме құрастырады.	бірін тапсырма орындау деңгейіне байланысты **«От шашу» әдісі** бойынша бағалайды.	Интерактивті тақта
	(Ө) «Еркін микрофон» әдісі Оқушылар өз еркімен, қалағанынша микрофон тізгінін алып, 3-тапсырма бойынша өз ойын, пікірін айтады. **3-тапсырма** –Отбасымен бірге отырғанда, қандай ән мен әуендерді тыңдағанды ұнатасыңдар?	**Дескриптор** • Әрбір оқушы өз отбасындағы ұнатып тыңдайтын ән мен әуендері туралы әңгімелейді.	Оқушылар өзін-өзі **«Отшашу» әдісі** бойынша бағалайды.	
